

АТА ЗАҢ – ӘДІЛДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Маңғыстау өңірінде ел Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – әділдік пен тұрақтылық кепілі» атты конференция өтті. Ауқымды шараға Маңғыстау облыстық сотының төрағасы М.Текетаев, облыс әкімінің орынбасары Т.Көшмағанбетов, Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Б.Нұрмұханов, ҚР Сот әкімшілігі басшысының орынбасары А.Мусралинов пен аймақтағы құзырлы орган жетекшілері, судьялар қауымы мен ғалымдар қатысты.

Қазақстанның тәуелсіздігін тұғырлы етіп, дамуына тірек болған Конституцияның тарихын түгендеп, мән-маңызын түсіндірудің қоғам үшін құндылығы зор. Конференцияның негізгі мақсаты – Конституцияның қоғамдағы орны мен мәнін терең зерделеу, бас құжатты дайындаған білікті тұлғалардың еңбегін дәріптеу, сол арқылы қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру, сот жүйесінің қызметін насихаттау, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ғылыми қауымдастық арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Басқосуды Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Максұт Текетаев ашып, Конституцияның еліміздің тұрақтылығы мен құқықтық жүйесінің темірқазығы ретіндегі маңызды рөліне тоқталып өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Тілек Көшмағанбетов ел тарихында елеулі орын алған, жарқын болашаққа бастау болған жетістіктерді, Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды баяндай келе, мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істеу керектігі туралы атап айтты.

Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Б.Нұрмұханов Ата Заңның 30 жылдығына орай тарихи деректерге тоқталып, елімізде осы күнге дейін төрт ауқымды конституциялық реформа жүргізілгенін атап өтті. Әсіресе, 2022 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан реформаның жоғары мәніне ерекше тоқталды. Аталған реформаның нәтижесінде елімізде Конституциялық соттың құрылғаны белгілі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫ – ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА



«Қазақтың тарихы – тілінде». Осы тұжырымның ақиқатына халқымыздың басынан кешкен қилы-қилы трагедиясы туралы толғанғанда анық көз жеткізе түскендей боласың.

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАЗАННАН ҚАҚПАҚ КЕТСЕ...

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді». Бүгінде елімізде қанша қаржы бөлінсе де, жөнделуден, салынудан кенде болмаса да, оңалмай қойған жолдар жайлы осылай демеске шара жоқ. Өйткені, экономикадағы байланыстарды қамтамасыз ететін, азаматтардың мобильділігін арттыратын және өңірлердің орнықты дамуын қолдайтын осы маңызды тетіктер қадағалаудың, бақылаудың талапқа сай болмауынан күйі келмеуде. Әсіресе, өңірлерді бір-бірімен жалғайтын ұзындығы шамамен 70 шақырымға тең жол дер кезінде олқылығын көрсетіп, тәйт дейтін бір пәрменнің болмауынан тозып кеткен.

Мәселен, жолдарды жөндеуге барлық өңірлер үшін бірыңғай тәсілдердің қолданылатынына қарамастан, облыстар бөлінісінде олардың жай-күйінде айтарлықтай алшақтық бар. Мысалы, егер Жамбыл облысында жолдардың 99 пайызы нормативтік жағдайға сай болса, Батыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 2 есе төмен. Қолданыстағы заңнамада мұндай фактілер үшін қадағалау қызметіне ықпал ету шаралары қарастырылмаған. Бұл Парламент Сенатында өткен «Қазақстан

Республикасындағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағатында белгілі болды.

Көлік министрлігінің мәліметінше, жергілікті жолдардың 89 пайызы нормативтік деңгейге сай. Шын мәнінде бұл көрсеткіш нақты жағдайдан алшақ. Мұның маңызды себептерінің бірі қадағалау шараларының әлсіздігінде. Жол активтері сапасының ұлт-

тық орталығы соңғы 5 жылда жұмыс жүргізу объектілерінде техникалық қадағалау қызметтері болмауының 500-ден астам фактісін анықтапты. Нақты жағдайды анықтау және жөндеу жұмыстарын қаржыландырудың оңтайлы тетігін әзірлеу үшін жергілікті жолдардың барлық учаскелеріне диагностика мен паспорттаудың жүргізілмейтіні тағы бар. Осының салдарынан ең проблемалы учаскелер мен ақаулар толыққанды анықталмай, олардың сипатына сай жөндеу түрлері, сондай-ақ қызмет ету мерзімін болжау жүргізілмейді. Мұны сенаторлар өздері өткізген жергілікті халықпен кездесу және талдау, сараптау жұмыстары барысында айқындапты.

Өңірлер бөлінісінде барлық деңгейдегі автомобиль жолдарының жай-күйінің сенімді деректері бар бірыңғай базасы болуы тиіс болса, бұған да әлі күнге қол жетпей келеді. Күні бүгінге дейін диагностика тек республикалық маңызы бар автожолдарда толық

көлемде жүргізіледі. Сенаторлардың осыдан екі жыл бұрын өңірлерді дамыту жөніндегі Парламенттік тыңдауының қорытындысы бойынша Үкіметке ұнамаған жолдарды паспорттауды жүргізу үшін жасаған ұсынысы ескерусіз қалған. Мұның негізгі себебі қазіргі уақытта автомобиль жолдары саласындағы техникалық қадағалауды реттеуге қатысты функциялар өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің қарауында болуы. Ал, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу сапасын арттыру үшін бұл функциялар Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің еншісінде болуы қажет. Бұл ағымдағы жағдайды анықтау және жөндеу жұмыстарын қаржыландырудың оңтайлы механизмін әзірлеу үшін маңызды.

(Жалғасы 4-бетте)



КОНФЕРЕНЦИЯ

АТА ЗАҢ – ӘДІЛДІК ПЕН
ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚР Сот әкімшілігі басшысының орынбасары А.Мусралинов өз баяндамасында «Сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуі – азаматтардың құқықтарын қорғаудың басты шарты» екенін атап өтіп, сала жұмысын жандандыру, жаңғырту бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардан жұртшылықты жан-жақты хабардар етті.

Ал облыстық соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Г.Бақытжанова «Азаматтық сот өндірісінде Конституция нормаларын дұрыс қолдану – тараптар құқығының әділ қорғаудың негізі. Біз бұл қағидаттарды күнделікті тәжірибеде ұстанамыз» деп сот жұмысының басты бағдарлары туралы толыққанды мағлұмат берді.

Тәуелсіз ел тарихындағы мерейлі мерекеге орай ұйымдастырылған жиында Маңғыстау облысының прокуроры А.Майлыбаев, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің ректоры Б.Ахметов пен заң ғылымдарының профес-

соры Д.Бұғыбай және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы Т.Жұмағұлов сөз алып, Конституцияның заңдық қырлары, қоғамдағы орны туралы ой-пайымдарын ортаға салды.

Конференция барысында қатысушылар Конституциялық реформалар, сот жүйесінің эволюциясы, заң үстемдігін қамтамасыз етудегі соттардың рөлі және адам құқықтарын қорғау тетіктері туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, жас заңгерлерге арналған білім беру жобалары мен құқықтық мәдениетті арттыру жолдары да талқыланды.

Маңызды мәліметтер, құнды деректер айтылып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынған жиын соңында қатысушылар Конституцияның қоғамдағы рөлін айшықтау үшін құқықтық түсіндіру, негізгі басымдықтарын насихаттау бағытындағы жұмыстар үздіксіз жалғасуы керек деп ой қорытты.

Қаламқас УСЕНОВА,
Маңғыстау облыстық сотында
баспасөз қызметінің басшысы



1 МАУСЫМ – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБАҒЫН
МҰҢ ШАЛМАСЫН!

1 маусым – балаларды қорғау күні. Бұл күн арнайы мереке ретінде белгіленгенімен, балаларға деген қамқорлық, бүлдіршіндерді қорғау бір күнмен шектелмейді. Тәуелсіз елдің ұл-қызы ештеңеге мұқтаж болмай, ешкімге жалтақтамай, биік арман, үлкен мақсаттар белгілеп, бақытты ғұмыр кешуі керек.

Бірақ, нақты өмірдегі жағдай мүлде бөлек. Себебі, біздің елімізде соңғы жылдары ажырасу көп. Ал бала үшін ананың да мейірімін көріп, әкенің де қолдауын сезініп өскен маңызды. Өкінішке қарай, бүгінде көптеген сәби толық емес отбасында тәрбиеленуде. Ажырасқан ата-аналар арасында баласы үшін алимент төлемей жүргендер баршылық. Баласының жағдайын біліп, тәрбиесіне алаңдаудың орнына, кейбір азаматтар тұрғылықты мекенжайын жасырып, нақты табысын көрсетпей, балаларына неғұрлым аз алимент төлеуге тырысып жүр.

Әділет министрлігінің дерегінше 2025 жылдың алғашқы тоқсанында Қазақстанда 272 мың әке мен 11 мың ананың өз балаларына алимент бойынша қарызы бар екені анықталған. Ондағы 16 352 іс бойынша берешек 16 млрд теңгеге жеткен. Алимент бойынша берешекті өндіруде жеке сот орындаушылар белсенді жұмыс жүргізеді. Мәселен, көрнекі жерлерге «Сен балаңа керексің!», «Алимент әке болмайды», «Бала алдындағы берешегіңді ұмытпа!» деген сияқты баннерлер

ілініп, алимент төлемеудің адами, заңдық салдары туралы ескертпелер жазылған парақшалар көпшілікке таратылады. Борышкерлерге түсіндіру жұмыстары да жиі жүргізіледі. Себебі өз міндеттерін орындамағаны үшін борышкерлер әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны белгілі. Мәселен 2024 жылы 4,5 мыңнан астам борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал Қылмыстық кодекстің «алимент төлеу міндеттерін орындамау» бабы бойынша елімізде 391 адам сотталғанын айта кеткен орынды. Сондай-ақ борышкерлердің банк шоттарына тыйым салу және уақытша шектеулер сияқты шаралар да жиі қолданылады. Осының барлығы балалардың қамсыз өмірі, жарқын болашағы үшін керек.

Жеке сот орындаушылар борышкерлерден алиментті өндіру үшін жұмыспен қамту мәселесіне де жіті көңіл бөледі. Өйткені, кейбір азаматтар алимент төлеуге ынталы болғанымен, жұмыссыздық салдарынан қарызы өсіп кетеді. Сондықтан, әкімдік, түрлі жұмыс берушілермен бірігіп бос орындар жәрмеңкесін ұйымдас-



Дамир ШАХАНОВ,
Алматы облысы
атқарушылық округінің
жеке сот орындаушысы

тыруға, борышкерлердің тұрақты жұмыс табуына жеке сот орындаушылар көмек беріп келеді. Әділет министрлігінің дерегінше былтырғы жылы борышын өтей алмай жұмыссыз жүрген 6 мыңнан астам адам жұмысқа орналасқан.

Балалар – елдің болашағы. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық. Ендеше, баланың алаңсыз оқып, дамуына әрбір ата-ана жағдай жасауы тиіс. Әр бала бақытты болуға лайық.

ТІЛ-ТҰҒЫР

Қазақ тілі – мемлекеттік мәртебесі айқындалған, Қазақстандағы ресми тіл. Соңғы отыз жылда барлық негізгі заңнамалар қазақ тіліне толық аударылды, ресми мәтіндер екі тілде тең дәрежеде қабылданады. Мемлекеттік тілде заңгерлік порталдар мен сот практикасы базалары қалыптасты.

ҚАЗАҚША ЗАҢ ДАЙЫНДАП,
САРАПТАМА ЖАСАЙТЫН МАМАНДАР
ТӘРБИЕЛЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Көптеген заң-терминдік оқулықтар қолданыста. Құқықтық құжаттар мен нормативтік актілерді қазақ тілінде әзірлеу тәжірибесі кеңейді. Сот отырыстарын қазақ тілінде жүргізетін судьялар да, прокурор мен адвокаттар саны да артты. Қазіргі күні республика соттарында сот төрелігін жүзеге асырушы судьялардың басым бөлігі қазақ тілін еркін меңгерген.

Мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарында қазақ тілінде іс жүргізетін бөлімдер мен қызметтер бар. Бұл – оң үрдіс. Мемлекеттік тілге деген сұраныс пен қажеттілік артып келеді. Бірақ әлі де жүйелі түрде шешілуі тиіс түйткілдер аз емес.

Мәселен, азаматтар сотта өз тілінде сөйлеуге құқылы, бірақ негізгі іс жүргізу тілі – мемлекеттік тіл болуға тиіс. ҚПК, АПК, ӘҚБтК секілді негізгі кодекстерде бұл қағида айқын жазылған. Қазақ тілінің сот саласында кедергіге ұшырауының негізгі себептері:

1. Кәсіби тілдік даярлықтың жетіспеушілігі.
 2. Сенім тапшылығы. Халық өз ойын нақты жеткізу үшін көбіне орыс тілін таңдайды.
 3. Құжат айналымының екітілділігі. Сараптамалар, арыздар мен өтініштердің көбі орыс тілінде ұсынылады.
 4. Оқытудағы кемшіліктер. Заңгерлердің көпшілігі жоғары оқу орнында қазақ тілінде құқықтық білімді терең меңгермеген.
- Халықаралық тәжірибелерге сүйенсек, Франция, Германия, Жапония, Корея сияқты елдерде сот тек мемлекеттік тілде ғана жүргізіледі. Қатысушылар өзге тілде сөйлеуге құқылы, бірақ негізгі процесс мемлекеттік тілде өтеді. Бұл – ұлттық бірлік пен құқықтық жүйе сенімділігінің белгісі. Мәселен, Финляндияда швед тілді азылыққа сотта ана тілінде сөйлеу мүмкіндігі берілсе де, барлық құжаттар фин тілінде дайындалады. Израильде иврит негізгі сот тілі ретінде ор-

нықты. Бұл елдер мемлекеттік тілді артықшылық емес, міндет ретінде қарайды.

Осындай тәжірибелерді көре отырып, бізде атқарылған реформаларға қарамай, әлі де құқықтық білім беру жүйесін жетілдіру қажет деп санаймыз. Мемлекеттік тілдің сотта орнығыуы заңгер-лер даярлығына тікелей байланысты. Бүгінгі күні қазақ тіліндегі құқықтық білімнің мазмұны мен сапасы әлі де жақсартуды қажет етеді. Жоғары оқу орындарында қазақ тілінде кәсіби заңгер даярлау жүйесі күшейтілуі тиіс. Жас судьяларға, қорғаушыларға арналған қазақ тіліндегі құқықтық тренинг, тағылымдамалар кеңейтілуі тиіс. Мемлекеттік тілде заң шығаратын, сараптама жасайтын мамандардың жаңа буынын тәрбиелеу – уақыт талабы.

Мемлекеттік тілдің сот төрелігіндегі рөлі – елдің тәуелсіздік дәрежесін айқындайтын маңызды өлшем. Қол жеткізілген нәтижелер бар, бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Сот жүйесі қазақ тілінде сөйлеуі үшін жүйелі, институционалды шешімдер әлі де қажет.

Гүлмира СҮЙЕУОВА,
Астана қаласы
қылмыстық істер
жөніндегі ауданаралық
сотының судьясы

КИЕ

ТАЛАП ӨССЕ, ТІЛ ӨРКЕНДЕЙДІ

Мемлекеттік тілдің жай-күйі, бүгінгі ахуалы кімді де болса алаңдатады. Өйткені, егемен ел болып, еңсе тіктеген тұста қазақ тіліне қатысты мәселенің туындауының өзі көңілге сыймайды. Заңдық тұрғыдан алғанда қазақ тілінің мәртебесі биік, маңызы жоғары.

Ата Заңымыздың 7-бабында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 4-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені дәйектелген.

Отандық сотта мемлекеттік тілге барынша басымдық берілген. Сот ғимараттарындағы көрнекі жазулар, хабарламалар, арыз-шағым үлгілері мен құқықтық кеңестер мемлекеттік тілде жазылған. Сол сияқты соттың кіріс-шығыс құжаттарының бәрі мемлекеттік тілде рәсімделеді. Бүгінде сот судьяларының арасында қазақ тілін меңгермегендер аз. Соған қарамастан, республика соттарында мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны көңілдегідей емес. Оның себебі неде?

Сот тілі қазақша болғанымен, істердің орыс тілінде қаралуына ең алдымен мемлекеттік орган қызметкерлерінің немекеттілігі түрткі болуда. Мемлекеттік қызметкерге мемлекеттік тілді білу міндет болғанына қарамастан, құқық қорғау құрылымының өкілдері арыз-шағымды, хаттамаларды әлі күнге орыс тілінде рәсімдеп, тіркеуге әуес. Олардың көбі заң терминдерін мемлекеттік тілде қолдану қиын, арыз-шағым үлгілері жоқ деген сылтаумен өз ісін ақтауға тырысады. Алайда, мемлекеттің айнасы мемлекеттік қызмет-

керлер болғандықтан, барлық құжатты алдымен қазақ тілінде дайындауға дағдылануы, қандай қиындық болса да мемлекеттік тілді бірінші орынға қоюы тиіс.

Сондай-ақ мемлекеттік тілде қаралатын істердің аз болуына заңгерлер мен адвокаттардың тіл білмеуі түрткі болуда. Кейде тіпті қорғауындағы адамның орыс тілін білмейтініне қарамастан, сот ісін өзі білетін тілде жүргізуге тырысатын адвокаттар кездеседі. Осыған орай «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 33-бабы 7-тармағына өзгеріс енгізіп, адвокаттардың мемлекеттік тілді білуін міндеттеу талабын қосқан дұрыс. Адвокат болуға үміткер тұлғаны аттестациялау кезінде мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтап, қаржысы жақсы үміткерлерге ғана лицензия берген абзал. Сонымен қатар, бұған дейін адвокат, заң кеңесшісі ретінде лицензия алып, қызмет атқарып жатқан тұлғаларға мемлекеттік тілді үйрену талабын қойып, шекті мерзім белгілеу, тілді білу деңгейін анықтау мақсатында емтихан қабылданса, мәселе оң шешілер еді.

Банктер, коллекторлық компаниялар, микроқаржы ұйымдары мен сақтандыру компаниялары да әлі күнге дейін талап-арызын орыс тілінде береді. Бұл барлық өңірде орын алатын жағдай. Банк пен жеке тұлға арасындағы түзілген келісімшарт қазақ және орыс тілінде жасалады. Сол секілді, сақтандыру компанияларынан түскен талаптар да тек орыс тілінде рәсімделеді. Алайда,



талап қоюды беруге негіз болып отырған сақтандыру полистері екі тілде рәсімделген. Демек, аталған заңды тұлғалардан талап қоюдың сотқа мемлекеттік тілде берілуін талап етуге толық негіз бар. Тек соны азаматтар талап етсе, мемлекеттік тілдің соттағы үлесі әлдеқашан жоғарылар еді.

Соттағы аудармашы мәселесі де тілге қатысты шетін дүниенің бірі. Шыны керек, өңірлерде екі тілді жетік білетін аудармашылар аз. Егер іске қатысушылардың басым бөлігі мемлекеттік тілді біліп, бірлі-жарымы мемлекеттік тілді білмесе, аудармашының көмегімен қамтамасыз ете отырып, судьяның өз бастамасымен іс жүргізу тілін мемлекеттік тілге өзгерту құқығы заңға енгізілуі қажет. Әрине, аудармашы көмегін алу – әр азаматтың етене құқығы. Алайда аудармашы қызметіне жүгіну мемлекет қоржынына ауыр салмақ салады. Сондай-ақ бір сот процесінде кілең қазақтар отырып бір-бірімен орыс тілінде сөйлескені, аудармашы арқылы тілдескені жақсылықтың нышаны емес. Сондықтан, тілге деген құрметті әрбір отбасында қалыптастырған дұрыс. Үйінде қазақша сөйлеп, ұлттық құндылықты пір тұтқан жандар елін, тілін сүйетін өнегелі ұрпақ тәрбиелейтінін ұмытпайық.

Айгүл ЕЛЕУСИНОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫ – ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаппай халық басына түскен трагедия түгілі, жекелеген азаматының қара басын қадір тұтып, жоқтай білген, естіртуіне де мән берген жұрттың өкіліміз. Мұның маңыздылығы сонда – оқу-білім жүйесі қалыптаспаған, хатқа жазылып, бір ізге түспеген заманның өзінде ел тарихы ауыздан-ауызға таралып, халықтың, қаншама буынның жадында жатталған. Ата-бабамыздың жүріп өткен жолына құрметпен қарауымыздың сыры да осында. Сонымен бірге, қазақтың келер замандағы мұнды-зарлы кезеңі туатыны туралы сәуегейлік айтқан Асан қайғы, Бұқар жырау, одан берідегі Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындардың келешекті анық болжаған өлең-жырының тууы таңқалдырмай қоймайды. Отаршылдық империяның зауал тудыратынын Мұрат ақын қалай тауып айтқан десеңізші.

Әрине, кез келген ел перзенті секілді, туған топырақ, ардақты ата-бабалар тарихын да үлкендердің айтуымен құлаққа құйып, өз бетімізбен де оқып-тоқып өскен жайымыз бар. Үйсін-Дулат ішінде, Бекасыл деген әулие өткенін ертеден естіп өстік, атақты Мәшһүр Жүсіп әулиенің ниеттес замандас сырласы болған екен. Екеуі он тоғызыншы ғасырдағы қазақтың ең оқыған ғұламаларының қатарында аталады. Сол Бекасыл бабамыз, біз сөз қылғалы оқталған зұлмат заман туралы былайша ақтарылған екен:

«Зұлмат заман келе жатыр, құл-құтан көтеріліп, ылғи жалаңаяқтар ел басқарып, қаныңды судай шашады. «Жылан тақыр» бола-сыңдар. Көмүсіз адам көбейеді. Қырғын соғыс болады. Сөйтіп, көрер көзге жарқын, бірақ іштен іріп жатқан бір заман басталады. Көлік төрт дөңгелекті темір болады. Аспан жол болады. Имандылық азаяды. Өнеге тозады, қасиет азады. Жастар ит ішпейтін сусынға құмар болады. Тірі жетімдердің саны артады. Бірақ, осының бәріне ертелі-кеш Алланың бір тыйымы болады», – деген екен. Ал енді осылардың бәрінің қолмен қойғандай шындыққа айналғанына күмәніміз бар ма?!

Бекасыл әулиені өзіне ұстаз тұтқан Мәшһүр Жүсіптің де осы тектес болжам айтқаны белгілі. Алаш зиялылары, елім деп өміренгендердің баршасы отаршылдың нысанасына айналып жатқанда, Мәжһүр Жүсіптің нағыз антиимпериялық бағыты қалайша көзге түспегені, жазаға ілікпей аман қалғаны таңқалдырады. Біздің оқып-зерделеуімізше, ол кісі өз ажалымен өмірден өткен адам. Бұл – кездейсоқтық па, әлде әулие жанды Алланың сүйген құлына жіберген періштесінің желеп-жебеуі ме, кім білсін?!

Енді осындай дана, көреген әулиелеріміздің құтын ертеден қашырған, санасы сергек жұрт зиялыларын сарыуайымға салған осы бір кезеңнің өзі тарих арнасындағы болмай қалмауы мүмкін емес заңдылық па, әлде, аяқасты туындаған, бір ғана, Сталин секілді озбыр диктатордың, жантүршігерлік саяси қатыгез бағыт ұстанған тиранның жеке басының шешімімен ғана іске асып отырған қырғын ба, осы сұрақтың жауабы, біздіңше, әлі ашылған жоқ. Осы сұраққа жауап беруші Ресей саясаткерлері де, тарихын зерделеуші қоғамы да үнсіз. Біздің аңдауымызша, осы бағытта неміс қоғамы аса сергектік танытып, екінші дүниежүзілік соғыстағы фашистік бағыт ұстанған Гитлер бастаған үкіметтік жүйенің саяси қателігі үшін бүкіл дүние жүзі халқының алдында кешірім сұраған.

Ал 1937–1938 жылдарда бүкілодақ бойынша қанды террор – репрессия жүргенде, осы республикалар ішінде өзгелерден әлденеше есе қиянат шеккен қазақ халқының жазығы не еді? Тұтастай ашаршылыққа ұшырап, жұртының ең таңдаулы зиялыларына жазықсыз жала жабылып, «халық жауы» ретінде көзінің жойылуына не себеп?! Біздің зерделеуімізше, бір халыққа деген осыншалық озбыр саяси ұстаным, жеккөрініш, теріс көзқарас ешбір мемлекеттің тарихында ұшыраспаған!

Кеңестік саясатқа бүйрегі бұрушылар қазақтың шынайы тарихын бұрмалап көрсетіп, жауырды жаба тоқуға әуес. Ұлтын сүйетін, оның тағдырына жаны ауыратын әрбір жан мұны аңғармай қалмайды. Репрессия мәліметіне сүйенсек, 1937–1938 жылдары бүкілодақтық есеп бойынша, он бес республикада қызмет істеген азаматтар ішінде «халық жауы» атанып, жазаға іліккендер сапында қазақ өкілдері екі есе көп болған. Нақтылай түссек, қазақтан шыққан «халық жаулары» грузиндерден екі есе, орыстардан үш есе артық, татарлардан төрт есе, ал өзімізбен туыстас өзбектерден бақандай бес есе көп болған! Осы деректердің өзі Сталиндей қатыгез диктатордың қазақ халқына «айрықша назары түскендігінің» айғағы болмай ма? Бұл біздің ешқандай да бояуын қалыңдатып көрсетуіміз емес!

Бұрынғы одақ демекші, осындай жағдайдың өзі сол одақ ыдырамай тұрып басталғаны белгілі. Әрине, шындықтың ақыры бір күні су бетіне шығары айқын. Бірте-бірте ақиқаттың көмбесі ақтарылатын сәтке жақындап жатқанын саналы қоғам сезді, бірақ тек оның қашан



ақтарылатыны әркім үшін жұмбақ болып, көзі ашық, көкірегі ояу қауымның көңілі алаң болып жүргенде, сол сағат та соқты.

1985 жылдың сәуірінен басталған «қайта құру» барысында заңсыз қуғын-сүргін құпиясының беті ашылып, тарих «ақтандақтары» ақырындап ашық айтылып, жариялана бастады. Бұл ақиқатты халық әбден шөлікке, зарығып күткен болатын. Өйткені, қазақ отбасында «халық жауы» аталмаған, осы саяси жазаға ілікпеген шаңырақ аз болатын. Қаншама жылдар бойы «халық жауы» немесе «халық жауының баласы», «ұрпағы», «туысы» деген жалалы, зәбірлі атақпен өмір сүру, жазықсыздан-жазықсыз әлдекімдердің саусағымен нұқып, көзіне шұқып көрсеткен наласымен жер басып жүру оңай болып па?!

Сталиндік жазалау машинасы өз саясатына бағынбағандар былай тұрсын, өзгеше ойлайтын, саналы, білімді, жан дүниесі таза адамдарға қырғидай тиді, ақылдыларды өздеріне қарсы қойды, осы залымдық салдарынан миллиондаған адам соқыр саясаттың нысанасына ілікті. Ең сұмдығы – олардың өзі ғана «халық жауы» атанып қойған жоқ, бала-шағасы, жары, үрім-бұтағы тегіс қудаланып, озбыр саясаттың қудалауына ұшырады. Осылайша елде жаппай тұтқындар лагерін ашу өрістеп, зиялы қауымның өздеріне, әйелдеріне, балаларына арналған лагерьлер салынды.

Үкімет бұл өзгеше озбыр бағытын өзінше ақтап: «коммунистік мемлекеттік аппарат қатарын тазарту» деп атады. Әуелгіде, «біз ең әділетшіл», «ең бейбітшіл», «адам мүддесін қорғаушы», «алдыңғы қатарлы ел», «коммунизмге келе жатырмыз» деп ұрандатқан саясаттың, шын мәнінде, жүріп өткен жолы жосылған қан екенін тарих көп ұзамай дәлелдеп, өз орнына қойды. Ең өкініштісі – бұл үкімет аз өмір сүрсе де, зардабы ұрпақтан-ұрпаққа кетті, артына ғасырдан-ғасырға жететін қанды із қалдырды. Осы саяси қуғын-сүргіндік бағытты мемлекеттің ешқандай бақылаусыз, бетімен қала бергені таңқалдырады. Мемлекеттік жүйе тек сталиндік культ бағытымен жүрді. Сталин өзі бейтарап түр көрсетіп, көсеуді жөндеттерінің қолымен көсеп отырды. Оның замандастары: «Сталин партиялық бюроларда мүлде момақан түр көрсеткенімен, жиналыс тек қана оның алдын ала құрған сценарийі бойынша жүргізілетін. Ол өзінің серіктестері Берия, Каганович, Молотов, Ежовтардың аузымен «халық жауы» деп жала жабылуға тиіс адамдар тізімін «әзірлеп», сосын өзі: «ну что же, раз члены политбюро так решил, куда я могу деваться? Мы только соответствующие меры будем принимать наверно, как вы думаете?» – деп тағы соңғы сөзді өзінен басқа партия мүшелеріне тіреген. Міне, Қазақстан сияқты үлкен республиканың тағдыры, қазақ халқының тағдыры, жиырмасыншы ғасыр басында балауса көк құрақтай қаулап жетілген үздік ойлы, зиялы арыстарымыздың тағдыры Сталиннің тереңге жасырылған зымындығы мен тұтас халық тағдырына бейжай қарауының «арқасында» құрдымға батып, жым-жылас болып отырған. Өкініштісі – нағыз ақиқаттың саяси былықтар біткен соң айтылатынында.

Осы нәубетті жылдарда Сталиннің ең бірінші жөндеті, «темір нарком» атанған Н.Ежовтың абырой-беделі аса жоғары болған. Өйткені, үкім соның қолымен орындалған. Сол Н.Ежов-

1937-1938 жылдарда бүкілодақ бойынша қанды террор - репрессия жүргенде, осы республикалар ішінде өзгелерден әлденеше есе қиянат шеккен қазақ халқының жазығы не еді? Тұтастай ашаршылыққа ұшырап, жұртының ең таңдаулы зиялыларына жазықсыз жала жабылып, «халық жауы» ретінде көзінің жойылуына не себеп?! Біздің зерделеуімізше, бір халыққа деген осыншалық озбыр саяси ұстаным, жеккөрініш, теріс көзқарас ешбір мемлекеттің тарихында ұшыраспаған!

тың бас болып, ұйымдастыруымен саяси тұтқындарды ұстау үшін, 7 одақтық изолятор, барлық облыста түрме ашылған, 50-ден астам ГУЛАГ лагері, 420-дан астам түзеу колониясы болған. Осының ішінде Қазақстанды жазалау лагерьлерінің орталығы деуге болар еді. 1930–1950 жылдары Қазақстан жерінде ОГПУ-НКВД жүйесіне бағынышты лагерьлер мен олардың бөлімшелері болған. Мысалы, Қарағандыдағы КарЛаг 780 млн гектар аумаққа орналасқан. Қазақстанның тоғыз бірдей облысы бүкілодақтық ГУЛАГ жүйесіне кірген. Осыдан-ақ, Сталиннің біздің елді нағыз жазалау ошағына айналдырғанын, әсіресе, жергілікті жұртты көбірек жазаға тарту ниеті болғанын айқындап тұрған жоқ па?

Қазақстандағы «халық жаулары» тақырыбына келсек, шексіз-шетсіз тізімге ұрынған болар едік. Қарағандыға таяу орналасқан АЛЖИР лагері тарихымен де жақын таныстық. Ондағы төбе шашынды тік тұрғызар деректерді жайбарақат тыңдау мүмкін емес. Аяулы арыстарымыздың өздері тартқан азабы аздай, жарларын қинау, балаларын қуғындау – шектен шыққан жауыздық емес пе? Сол кездегі аяулы аналарымыздың қайсарлығы – өз алдына үлкен тақырып.

Кезінде қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері Жұмат Шанинның жесірі Жанбике Шанинаның АЛЖИР-де өзі сияқты тұтқын әйелдердің көңілін көтеріп, ән айтқаны туралы тебірене оқып едік. Мағанның жалынды жылдарын жатқа айтып, тұтқындарға жүрек жылуын сыйлаған Мәриям Есенберлинаның өжеттігіне таңдандық. Сұлтанбек Қожановтың жары Құландам Қожанова өзі ақын екен, тұтқында отырып, өлең жазып, жаны қаяулы құрбыларының аз да болса жарым көңілдеріне демеу болған. Атақты қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің жесірі Дәмеш Жүргенова осы АЛЖИР-де және Нижний Тагил лагерьінде тұтқындарға сегіз жыл бойы дәрігерлік қызмет көрсеткен. Күйеуімен бірге бес бірдей баласынан айырылған Бейімбет Майлиннің жесірі Күнжамалдың өз трагедиясына қарамастан, құрбыларының көңілін демдеп, рухтандырғаны туралы оқып отырып, қалайша толқымайсың?! Сол сияқты, Гүлбаһрам Сейфуллина, Мәриям Тоғжанова, Рәзия Меңдешова, Әзиза Рысқұлова, Рабиға Аспандиярова, Шахзада Шонанова /бұл кісі түрмеде жөндеттер қолынан қаза тапқан/ сияқты арыстарымыздың аяулы жарлары басына түскен ауыр тағдырына мойымай, сол жазалау орындарының қатаң тәртібіне сынып кетпей, қайсарлық пен төзімділіктің үлгісін көрсеткен. Қайсарлық демекші, қазақ әйелінің керемет образы дерлік Лияс Жансүгіровтың жары Фатима Жансүгірова қолындағы кішкентай баласын тартып алмақты болған жөндеттерге сес көрсетіп, «сендерге тірідей ұстатқанша, өз қолыммен буындырып өлтірейін!» деп сәбиіне ұмтылғанда, жөндеттер райынан қайтып, сәбиін аман алып қалған екен. Сол сәби – кейін жазушы, режиссер ретінде елді мойындатқан

Болат Жансүгіров еді. Міне, адам төзгісіз сын сағаттарда қазақ арыстарының жарлары нағыз ерге лайық екендігін дәлелдеп, биік рухымен адамдық өнегесін танытқан.

Осындай тарихи қатыгездікті біліп, оқып өскендіктен, кейбіреулердің әлі күнге дейін сталиндік саясатты ақтап сөйлейтінін түсіне де, қабылдай да алмаймын. Қазіргідей бәрі жария шақта замандастарымызға не жорық?! Тарихымызды терең байыптай аларлық мүмкіндік әлдеқашан туған жоқ па, қашанғы осыншалық көрсоқырлықпен өмір кешуге болады?

Мені заңгер ретінде бұрын-сонды болып көрмеген қанды репрессияның заңдастырылуы ойландырады. Сталин бастаған диктаторлық жүйе залым жоспарын заң аясына қалай сыйғызған? Әлемдік көзқарас, көлденең көздің сынынан қалай қаймықпаған?! Ең құрмаса, осы істегеніміз үшін келер ұрпақ қарғыс айтады-ау деп ойланбағаны, жауапкершілікті сезінбегені қалай?! Сол кезеңдегі заңнамалық материалдарға көз салсақ, Сталин бұл тұрғыдан өте әккілік танытқан. Үкіметтің қолға алған «тазарту шаралары», сырт қарағанда заңды, мемлекеттік жүйелі бағытты, халық мүддесіне лайықты шешімді, асқан қырағылық пен тәртіпке негізделген. Бәрі құжатталған қағаз жүзінде ғана! Ал іс жүзінде мәселе мүлде басқаша шешіліп отырған. Сталин сол кезде, заңның, оған негізделген үкімнің орындалуына басты жауапты НКВД-ның жергілікті органына «халық жауларын аулау, ұстаудың нақты жоспарын көрсетіп, шаш ал десе, бас алатын жөндеттер осы сан толтыру жоспарымен айрықша қатыгездік танытқан, ешкімнің ауруына, жасына, отбасылық жағдайына қарамаған. Демек, бұл солақай заңнамада ешқандай адамдық фактор есепке алынбаған, істің ақ-қарасы сарапқа салынбаған, тек жоғарыдан берілген нұсқау, жоспарға негізделген. Осы сталиндік жоспарды жеделдетіп, іске асыру үшін жер-жерде «үштік», «екілік» топ жұмыс істеген. Бұларға үкімет атынан тежеусіз билік, шешім шығару құқығы берілген, олар кез келген жерде сот ашуға, үкім шығаруға, өздері орындауға құқылы болған.

Ресми мәлімет бойынша, 1930 жылы тұтқындалғандар саны 179 мың, 1935 жылы 839,4 мың, 1937 жылдың аяғында 996,4 мың болған. Сол кезеңде жүргізілген бұл мәліметке сену қиын. Зерттеуші ғалымдар лагерьлердегі жазаланғандар саны 2-3,5 миллионнан 16 миллионға дейін өскенін жазған. Мұның өзі нақты емес. Ал 1937 жылдың басына қарай Қазақстанның партия ұйымынан 1936 адам қуылып, тұтқындалған, 1938 жылы тағы да 16 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1935–1938 жылдар аралығында Қазақстанда барлығы 30387 коммунист партиядан шығарылып, тұтқынға алынған. Оның ішінде 4602 адам «халық жауы», 3942 адам – кулак, ақ гвардияшы және басқа да таптық жат элементтер, 8 мыңнан астам троцкистер, 9800-і ұлтшылдар деп көрсетілген. Осы деректердің өзі, үкіметтің «жау жоқ жерден жау іздеген» сойқан саясатының дәлелі секілді.

Студенттік жылдарда ұстаздар тапсырма-сымен, кейін қызметке кіріскенде, өз бетімізбен сол кезеңнің газет тігінділерін талай ақтардық. Қазір де аз уақыт болса да көңіл бөлуге тырысамыз. Мені сонда кеңестік идеологияның, әсіресе, баспасөз саласының коммунистік саяси ұраншылдыққа қосқан шексіз үлесі таңқалдырды. Баспасөз беті толған ұран: «Халық жауына аяушылық болмасын! Жауға еш рақымшылық болмасын! Халық жауының көзі тез жойылсын! Совет жері залым сатқындардан тезірек тазарсын!» деген ұранға толы. Міне, теріс саясаттың күдіреті! Адам баласының үлкен абыройлы биіктен құлап түсіп, қоғамының ең сүйкімсіз, жағымсыз тұлғасына айналуы лезде екен. Осының бәрін өзіміз сияқты ет пен теріден жаралған адамның ойлап тапқанына, кейде, адамзат ішінен осыншалық аяусыз қатыгездік шығатынына қайран қаласың.

31 мамыр салтанат құратын мереке емес, халқымыздың арда ұлдарына тағзым етер күн. Олай болса, арыстарымыздың ел үшін қыршын ғұмырын қиған қайсарлығына, ерлік, азаматтық ісіне мың тағзым! Тек ұрпағымыздың басына осындай зауалды шақтар орнамаса екен деп тілейік!

Сөзімнің соңын қазақ арыстары туралы жыр жазған, қазақ поэзиясына Көк Түріктер сарынын ежелген дарынды ақын Темірхан Медетбектің «Қуғын-сүргін заманы» жырының от шашырап тұрған жалынды, кестелі шумақтарымен ойымды түйіндегім келеді:
«Ұлы Далам, Ұлы Елімді қуғынға салды,
Көз көріп, құлақ естімеген қырғынға салды.
Тұла бойын түгел тінтіді, киіздей қақты,
тулақтай сілкіді.

Адамдарын бірін-біріне айтақтады,
Қан жоса қып қаптырды.
Бірін-біріне мал құсатып бақтырды.
Жайқалған шалғынм дөңкіген тасқа толды,
Елімнің омырауы қып-қызыл қанға боялып,
етегі жасқа толды.
Құтырып алды, Арыстарымның терісін тірідей
сыпырып алды.

Әуақтарымды күңіретіп,
аяғынан сүйреп моладан шығарды.
Неткен халық ек шыдамды?!

Сірә, қанша талпынғанымызбен, сол қасіретті жылдарды, нәубетті кезенді Темірхан ақындай осыншама дәл сипаттап, шырқырап жеткізе алмасақ керек.

**Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы**

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАЗАННАН ҚАҚПАҚ КЕТСЕ...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сараптама бөлігіндегі кадрлардың тапшылығы да жолдың жайына өз әсерін тигізуде. Сенаторлар анықтаған бір олқылық – осы. Жиында баяндама жасаған сенатор Әлібек Нәутиевтің айтуынша, техникалық қадағалау сарапшыларының тиісті жол білімі жоқ. Жұмыс берушілер кадрлардың біліктілігін арттырғысы келмейді.

Жолдарды дұрыс пайдалану мен күтіп ұстау да талапқа сай емес. Қаржыландырудың 80 пайыздан астамы жолдарды салуға, жөндеуге және реконструкциялауға бағытталады. Ал, оларды күтіп ұстауға нормативтік қажеттіліктің төрттен бірінен аспайтын қаржы бөлінеді екен. Осы жағдай жолдардың мерзімінен бұрын бұзылып, қызмет ету мерзімінің қысқаруына әкелуде. Бұған рұқсат етілген көрсеткіштерді бұза отырып, ауыр салмақты көліктердің жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарымен жүруі де өз әсерін тигізуде. Бұл мәселенің шешімі автоматтандырылған өлшеу станцияларын іске қосу болса, бұл да назардан тыс қалып келеді.

Жоғары аудиторлық палата мәліметі жүйедегі дұрыс емес деректер мен техникалық ақауларға байланысты автоматтандырылған өлшеу станциялары жұмысының кей кезде тоқтап қалатынын айтады. Бұл ретте станциялардың құны шамамен 2 млрд теңгені құраса, оларды ұстап күтуге жұмсалатын қаражат көлемі 617 млн теңгеден асады. Жергілікті бюджеттер есебінен автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнатуды қаржыландыру және оларды одан әрі ұстау күрделі болып тұр. Демек, станцияларды орнату мәселесін қажетті мөлшерде шешу және осы жүйенің дұрыс жұмысын тұрақтандыру қажет.

Жол-құрылыс материалдарының жетіспеушілігі мен сапасы да автомобиль жолдарының жай-күйіне ықпал етуде. Бұл ретте ең ал-



дымен, битуммен қамтамасыз ету қажеттігі алға шығады. Битум нарығы сұраныстың маусымдық өзгеруімен сипатталады, яғни қыста тұтыну азайып, жазда құрт артып, бұл көрсеткіш айына 150 мың тоннаға жетеді. Ал жұмыс жасайтын битум зауыттарының жиынтық қуаты айына шамамен 100 мың тоннадан аспайды. Соның салдарынан жаз айларында оған сұраныстың артуымен, бағасы да өседі. Мұның шешімі битумды сұраныс пен баға айтарлықтай төмен болған кезде, яғни қыста сатып алу. Бұл маусымдық ауытқуды «тегістеу» үшін битум қоймаларын салу керек.

Асфальтбетон зауыттарына инспекция жүргізген Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының мәліметінше, 211 тексерілген зауыттың тек 82-сі ғана сапалы өнім шығаруға қабілетті. Осыған орай, нормативтерге сәйкес келмейтін жол-құрылыс өнімдеріне жол бермеу шараларын қабылдау қажет.

Тағы бір мәселе автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік нормативтерге қатысты. Қазіргі уақытта автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік норматив-

терді әзірлеумен Қазақ мемлекеттік құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты айналысады. Онда автомобиль жолдары саласында жеткілікті ғылыми қызметкерлер жоқ. Бұл жұмысты негізінен тек өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс қызметкерлері жүргізеді. Сондай-ақ, жол-құрылыс материалдары мен жол технологияларын сынауға арналған сынақ полигондары мен зертханалық жабдықтар да болмай тұр. Бұл орайда нормативтік құжаттарды қайта қарау немесе оларға өзгерістер енгізудің 1,5-2 жылға жуық ұзақ рәсімінен өтіп, жол құрылысына жаңа материалдар мен технологияларды қолдануды кешеуілдетудің салдары бар. Сондықтан автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу саласындағы мемлекеттік нормативтерді бекіту жұмыстарын да Автомобиль жолдары комитетіне беру қажет. Осы мәселелер шешілуі үшін алдымен тиісті заңнамаға қысқа мерзімде түзетулер енгізілуі қажет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Өңірлік дамудың драйвері

Жетісу облысында «Азаматтық қоғам 2.0: мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ арасындағы өзара іс-қимылдың инновациялық үлгілері – өңірлік дамудың драйвері» атты ауқымды Азаматтық форум өтті.

Форумға Алматы, Астана, Шымкент және еліміздің өзге өңірлерінен мемлекеттік құрылымдардың өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ), сарапшылар мен белсенді азаматтар қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік және азаматтық сектор арасындағы серіктестіктің жаңа тәсілдерін қарастырып,

өңірлік дамудың өзекті мәселелерін ортақ талқыға салу.

Жетісу облысының әкімдігі хабарлағандай, форум аясында үш негізгі тақырыптық сессия ұйымдастырылды. Бірінші сессия – «Азаматтық қоғамды дамыту және цифрлық инновациялар» жайлы – «Жетісу Медиа» МКК басшысы Шыңғыс Бозымның модераторлығымен өтті. Сессия барысында ҰЕҰ қызметін цифрландыру, ChatGPT және басқа да технологиялардың әлеуметтік салада қолданылуы, сондай-ақ азаматтық қатысудың жаңа формалары – петициялар мен халықтық бюджет сияқты құралдар талқыланды.

Екінші сессия – «Мемлекет, бизнес және ҰЕҰ арасындағы тиімді

әріптестік» бағытында – Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың модераторлығымен өтті.

Форумның үшінші сессиясы – «Азаматтық белсенділік және жастарды тарту» тақырыбында – Жетісу облысының діні істері басқармасының басшысы Сағыныш Жаңабайдың модераторлығымен өтті. Сессияда жастар қозғалыстары мен бастамалары, волонтерліктің дамуы, сондай-ақ жастардың белсенділігін арттыруда әлеуметтік желілердің ықпалы кеңінен талқыланды.

Самал АСҚАР
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ЖЕР СІЛКІНІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Талдықорған маңында тіркелген жер сілкінісіне байланысты Жетісу облысы ТЖД тұрғындарға арналған жедел желіні іске қосты. Мамандар келесі нөмір арқылы Сізге кеңес беруге және сұрақтарыңызға жауап беруге дайын: 8 (7282) 32-44-36.

ТЖМ жедел қызметтері жергілікті атқарушы орган-

дарды, полицияны және басқа да бейінді қызметтерді хабардар етті. Тұрғындарды сабыр сақтап, тек ресми ақпарат көздеріне сенуге шақырамыз!, – деп жазылған ТЖД хабарламасында.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

«TULIP HALL» «ҚЫЗҒАЛДАҚ» АТАУЫН ИЕЛЕНДІ

Бұған дейін «Tulip Hall» аталып келген нысан енді қазақы болмысқа сай — «Қызғалдақ» атауын иеленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласына жасаған жұмыс сапары барысында жаңа Конгресс-холдың қызметімен танысып, аталған нысанға оң бағасын берген болатын. Сондай-ақ, бұл ғимараттың руханият пен мәдениеттің орталығына айналуы тиіс екенін атап өткен еді.

Сонымен қатар, Президент атауға ерекше мән беру қажеттігін айтып, шетелше атаудың орнына ұлттық нақыштағы «Қызғалдақ» атауын ұсынған болатын.

— Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл бастамасы — ұлт руханиятын жаңғыртып, төл мәдениетімізді заманауи кеңістікпен ұштастырудың айқын көрінісі. Бұл өзгеріс тек атаудың жаңаруы емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдениеттің жаңа

деңгейге көтерілуінің белгісі, — делінген Шымкент қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі таратқан хабарламада.

Айта кетейік, «Қызғалдақ» Конгресс-холлы 2024 жылы пайдалануға берілген. Заман талабына сай жабдықталған нысан 2 мыңнан астам көрерменге арналған.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КЕСЕЛ

Сыбайлас жемқорлық – бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Дамыған, өркениетті елдердің өзі бұл кеселден сақтандырылмаған. Әрине, жазаны қатаңдату, мемлекеттік қызметтің мәртебесін көтеріп, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын жоғарылату арқылы белгілі бір нәтижеге жетіп отырған мемлекеттер бар. Осындай жемқорлықты жеңген елдердің тәжірибесін қолдану, Қазақстанды әділ, таза, тең құқылы мемлекеттер қатарына қосу – баршамыздың ортақ парызымыз.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

«Кеңескен істе кемшілік болмайды» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес те көп болып жұмылып, жұрт болып біріккенде ғана шешімін табатын күрделі мәселе. Біздің елімізде сыбайластыққа терең тосқауыл қойып, парақорлықтың алдын алу үшін ауқымды жұмыстар қолға алынды. Соның ішінде Қазақстан – тәуелсіз елдер достастығына кіретін мемлекеттер ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды тұңғыш қабылдаған ел.

1998 жылы қабылданған бұл заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызды тетік болып келгені белгілі. Кейіннен қоғам қажеттілігіне, заман талабына сай бұл заң жетілдіріліп, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң болып 2015 жылы қолданысқа енгізілді.

Бұл құжатты кеселдің салдарымен емес, себебімен күрес жүргізуге, сыбайластықтың алдын алуға маңыз берілген. Жалпы, сыбайлас жемқорлық деректері туралы сенімді ақпарат берген азаматтарды ақшалай ын-



Ғалым БОЛАТҰЛЫ,
Алматы қаласы Әділет департаменті мемлекеттік кірістер сомаларын өндіру бойынша аумақтық бөлімнің басшысы

таландыру тетіктерінің енгізілуі де орынды қадамның бірі болды. Осы арқылы азаматтар жемқорлықпен күрестің жалқының емес, жалпының ісі екенін түсінсе керек.

ЭКОНОМИКА

ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ КӨЛЕМІН АРТТЫРАР КЕЗ КЕЛДІ



40162,8 мың доллардың 39158,4 тонна азық-түліктері сатып алынды. Бұл тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауылдық жерде тұратын және республикадағы ауыл шаруашылығы ең жақсы дамыған өңірдегі қазіргі нақты жағдай.

Тұйтықтандыру мәселенің мән-жайын түсіну үшін енді жылдық көрсеткіштерге көз жүгіртейік. Былтыр мұнда 82254,1 тоннаның құны 201630,8 мың долларды құрайтын азық-түлік өнімі экспортқа шығарылыпты. Ал сырттан 164025,5 мың доллардың 303448,8 тонна болатын азық-түлік сатып алынған. Мұндағы айырма 221194,7 тоннаны құрағанмен, ақшаға шаққанда импортқа қарағанда экспорттық өнімнің бағасы 37605,3 мың долларға жоғары болып отыр. Алдыңғы жылы экспортқа қарағанда импорттық азық-түлік бағасы 54285,9 мың долларға жоғары болғанын ескерсек бұл көңіл қуантарлық көрсеткіш деуге болады. Осы арада бұдан 5-10 жыл бұрынғы жағдайға да тоқтала кеткен артық болмас. Мәселен, 2020 жылы Алматы облысы 67166,4 тоннаның құны 86733,5 мың доллар болатын азық-түліктерін шет елдерге шығарған. Олардан 185282,1 тоннаның 279289,8 мың долларлық импорттық өнімін сатып алған. Яғни, азық-түлікке экспортқа қарағанда 192556,3 мың долларды импортқа артық жұмсаған. Ал 2015 жылы бұл айырмашылық 93165,1 мың долларды құраған.

Енді өңірде қандай өнім тапшы екенін де айта кетейік. Мәселен,

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, қаңтар-наурызда Алматы облысында азық-түлік экспорты мен импорты арасындағы алшақтық 17834,4 тоннаны құрады. Нақты айтқанда өңірден 140359,7 мың доллардың 21324,0 тонна өнімі сыртқа шығарылды. Өзге елдерден

былтыр өңірге балғын және мұзда-тылған ірі қара еті сырттан көп әкелінген. Экспортқа (62,7 тонна) қарағанда импорттың (554,9) көлемі 9 есеге жуық болды. Ірі қара жеткілікті болса да 8,2 мың доллардың сүт пен қаймақтары шетелден сатып алынады. Өзенкөлі жеткілікті болса да 44,2 мың доллардың 40,6 тонна балғын және мұздатылған балықтары импортталған.

Егер олар Қазақстанда жоқ немесе мұнда мүлде өсірілмейтін балықтар болса түсінуге болар еді. Оның көпшілігі өзімізде де кездесетін, тек өндірісі дұрыс жолға қойылмаған балық түрлері болып отыр. Бұл олқылық алдағы онжылдықта түзетіліп, кәсіпкерлер отандық және шетелдік инвесторларды бұл салаға бағыттайды деп үміттенеміз. Қазірдің өзінде сүт өнімдерін жинақтап, өңдеуді қолға алған және балық өсіруге бет бұрып жатқандар барлық ауданда шығып жатыр. Дегенмен, олардың саны мен әлеуеті әзірге шектеулі боп тұр. Сондықтан облыс, аудан әкімдерінің алдында тұрған жұмыстың ауқымы мен көлемі өте үлкен.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ЖОБА

Астана қаласында Қазақстан мен Франция арасында білім беру саласындағы жаңа бірлескен жоба – Халықаралық француз мектебінің құрылыс алаңы салтанатты түрде ашылды. Жоба Freedom Holding Corp. қаржылық қолдауымен жүзеге асырылуда. Жоба серіктесі – Bilim Media Group. Салтанатты шараға екі елдің ресми өкілдері – Францияның сыртқы сауда және шетелдегі француздар жөніндегі уәкілетті министрі Лоран Сен-Мартен, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев және Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФРАНЦУЗ МЕКТЕБІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Ең маңыздысы, Астанадағы Халықаралық француз мектебі жобасы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эммануэль Макрон арасында жасалған келісімдер аясында іске асырылып жатыр. Интернаттық үлгіде жұмыс істейтін мектеп француз және қазақстандық білім беру стандарттарына толық сәйкес болмақ.

«Астанадағы француз мектебі, сондай-ақ жақын арада ашылатын Алматыдағы мектеп – жас қазақстандықтарға француз, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде білім алуға мүмкіндік береді. Мектеп түлектері француз аттестатымен тікелей Франция мен Еуропаның үздік жоғары оқу орындарына түсе алады», – дейді Францияның сыртқы сауда және шетелдегі француздар жөніндегі уәкілетті министрі Лоран Сен-Мартен.

Ал Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың сөзінше, аталған мектеп Франциядағы ең үздік білім тәжірибелерін қолданатын алдыңғы қатарлы білім ордасының бірі болады деп жоспарлануда. Бұған қоса, бұл мектепке тек Астана қаласының оқушылары ғана емес, өзге өңірлерден де шәкірттер қабылданатын болады. Әрі олардың мектеп бітірген соң шетелдегі ең үздік жоғары оқу орындарында білімін жалғастыратыны аян. Яғни, біздің оқушылардың әлемдік білімді игеруде өз мүмкіндігінің кеңейіп жатқанының белгісі деп қабылдау керек.

«Бұл Астана және Алматы қаласындағы француз мектебін ашу ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылы Парижге барған сапарында бастау алғаны белгілі. Осы жобаны іске асыру мақсатында тиісті жұмыстар басталып кеткенін көріп отырсыздар. Бүгінгі елордамыз Астанадағы француз мектебінің алғашқы кірпішін қалау



рәсімі – білім саласындағы тарихи сәт екені анық. Бұл жай ғана мектеп құрылысы емес, Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастықтың тереңдей түскенін білдіреді. Мектеп архитектуралық және білім беру тұрғысынан өзгерлерге үлгі болып, екі ел арасындағы қарым-қатынастың шынайы көпіріне айналуы тиіс. Астанаға келіп, құрылыстың басталуына Франция делегациясының қатысуы – бұл жобаның маңыздылығын және Францияның Қазақстанмен әріптестікті нығайтуға деген берік ниетін айқындай түседі. Біздің ортақ мақсатымыз – білім беру саласында екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Осындай әріптестік болашақта табысты болады деп үміттенемін. Мектептің сапалы салынып, уақытында ашылуына тек сәттілік тілеймін. Келген қонақтарға алғысым шексіз», – деді министр.

Сонымен қатар, Ғани Бейсембаев жобаға қолдау білдірген Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турловқа, Астана қаласы әкімдігіне және Қазақстан мен Франция елшіліктеріне министрлік атынан алғысын жеткізді.

Жиында халықаралық мектептің бас демеушісі – Freedom Holding

Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов өзінің командасының жас буынның заманауи білім алуына қолдау білдіргеніне қуанышты екенін айтты.

«Осындай ауқымды мемлекетаралық жобаның бір бөлшегі болу – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл жобаға қатысу – білім беру саласына ғана салынған үлес емес, ол – Қазақстанның болашағына жасалған

инвестиция. Біз жас ұрпаққа заманауи әлемнің озық білімін қолжетімді етіп, оларды жаңа заманның сын-тегеурініне даярлауға мүмкіндік береміз. Адами капитал – еліміздің тұрақты дамуының негізі екеніне сенеміз. Мұндай жобалар кең өірісті, тілдерді меңгерген, өзге мәдениеттерге құрметпен қарайтын және қарқынды өзгеріп жатқан әлемге бейім жаңа буын көшбасшыларын қалыптастырады», – деді ол өз сөзінде.

Іс-шара барысында болашақ лицейдің жобасы көпшілікке таныстырылып, мектеп кіреберісіне естелік тас белгі қойылды. Жоспарға сәй-

кес, Орталық Азияның халықаралық деңгейдегі жетекші білім ордаларының бірі болатын мектеп 2026 жылғы 1 қыркүйекте алғашқы шәкірттерін қабылдамақ. Екіншіден, 800 оқушыға арналған мектептің жанында 400 орындық пансионат салынады. Ал бас мердігер – «Интерстрой» ЖШС.

Айта кетейік, өткен аптада елімізде оқу жылы аяқталды. Биылғы оқу жылында республикада 3,9 млн бала, оның ішінде Астана қаласында 288 531 оқушы білім алған. Бас қалада 14 274 түлек мектеппен қоштасып, оның 444-і «Алтын белгі» иегері атанған. Сондай-ақ мектеппен қоштасу күніне орай бас қаланың орта білім беру ұйымдарында «Білімім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары да өткен болатын. Астана қаласы Білім басқармасының мәліметінше, қаладағы мемлекеттік 115 мектепте 236 956 оқушы, жекеменшік 74 мектепте – 45 014, республикалық 7 мектепте 6561 оқушы білім алады. 9-сыныпты 24 479 оқушы аяқтады. Сондай-ақ мектеп түлектерінің 1087-сі үздік аттестатқа үміткер атанып отыр.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ,
Фотоны түсірген Сұлтан СЕЙІТ

ПӘРМЕН

МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Бүгінгі таңда Түркістан облысы аумағында мал ұрлығы қылмыстарының алдын алу, болдырмау мақсатында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалуда. Дегенмен де, өзге жанның отбасын асырап отырған төрт түлігіне көз салған әккі ұрылардың ісі тыйылар емес.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ҚР ҚК-нің мал ұрлығына қатысты бабына өзгеріс енгізілген болатын. Бұл заңдағы өзгеріске сүйенер болсақ, өзгенің қорасына заңсыз кіру ауыр қылмыс санатына жатқызылады. Атап өтер болсақ, мал ұрлығына қатысы бар адам 5 жылдан 7 жылға, ал егер қылмысты ұйымдасқан түрде қылмыстық топ болып жасаса, айыптыларға 10 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Мал ұрлығына қатысы бар адамға бұрынғыдай бітімгершілікке келіп, кешірім беру қарастырылмаған. Төрт түлікті қолды еткен адам абақтыға қамалып, жазасын өтейді.

Түркістан облысы тұрғындарының 70-80 пайызы мал шаруашылығымен айналысады. Мал шаруашылығын күнкөріс көзіне айналдырған облыс тұрғындарының деібірін қашыратын барымташылар да бар. Олар ұрлықты көбіне топ болып, алдын ала сөз байласып, қора-жайды бұзып кіру арқылы жасайды.

Мұндай ұрлықты ұйымдастырушылар – кәдімгідей мал ұрлығымен айналысатын адамдар, төрт түлікке жалған құжат жасайтындар, ұрланған малды тасымалдаушылар, қасапшылар, қара базарда алып-сатарлар – сыбайласқан топ. Дегенмен, өңірлік полицияның соңғы жылдардағы мал ұрлығымен күрес бағытындағы тынымсыз еңбегі өз нәтижесін дө бере бастады.

Түркістан облысы полиция департаментінің берген мәліметіне сүйенер болсақ, бұл өңірде мал ұрлығы 11 пайызға азайған. Әрине, бұл қуантарлық жағдай. Десе де, бұл қылмыстың түбегейлі жойылғанын көрсетпейді. Мәселен, Түркістан облысы полиция департаментінің қызметкерлері жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижесінде 3 ауданда мал ұрлығымен айналысқан адамдар тобын ұстады. Анықталғандай 4 күдіктіден тұратын топ алдын ала сөз байласып, жылқыларды жайылымнан ұрлап жүрген. Содан кейін ұрланған малды жүк көлігіне артып

әкетіп, сойып, етін сатқан. Бүгінгі таңда күдіктілердің Мақтаарал, Жетісай және Келес аудандарының аумағында мал ұрлығының 10 фактісіне қатысы бары белгілі болды. Шығын 19 миллион теңгеге жуық. Тінту барысында ұрланған 9 жылқы, жүк көлігі мен басқа да заттай дәлелдемелер тәркіленді. Күдіктілердің бірі осыған ұқсас қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған болып шықты. Қазіргі уақытта аталған фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Полиция оқиғаның барлық мән-жайын тексеріп, күдіктілердің басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтау мақсатындағы жұмыстарды жалғастыруда.

Мал ұрлығын жасаған қылмыскерлер ұсталғанымен, жәбірленушінің күнкөріс көзіне айналған төрт түлігі қайтарылмай да қалады. Себебі, кейбір қылмыскерлер оңай олжаны тірідей сатып жіберсе, енді бірі оны ет ретінде сойып жіліктеп сатып, ақшаны өз пайдасына жаратып жібереді. Осының салдарынан кейбір тұрғындар жоғалған малдарын қайтара алмай қапыда қалып жатады. Осындай жайттардың алдын алу мақсатында Түркістан облысында 2021 жылдан бері үш жақты келісімшарт түзіліп, қолданысқа еніп отыр. Бұл шаруашылық иесі, мал бағушы мен әкімшілік арасындағы келісімшарт. Олар өзара бірлескен түрде жұмыс жасайды. Яғни, әкімдік өкілдері шаруашылық иесіне сенімді мал бағушыны ХҚКО бойынша тіркеп, мал жаюға арналған арнайы жерді белгілеп, шаруашылық иесіне тапсырады. Сонымен қатар, облыс тұрғындары арасында арнайы мессенжерлік чат әдісі қолданысқа енген. Аталған әлеуметтік желі арқылы тұрғындар өзінің жоғалған малының фото суретін түсіріп жібереді. Немесе полиция қызметкерлері қараусыз жүрген төрт түлікті байқап қалса, суретке түсіріп осы чатқа салады. Өзінің жоғалған малын таныған азамат, қайтарып алады. Бұл мал ұрлығының алдын алуға үлкен тосқауыл болады деген сенімдемиз.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ӨНІР

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУ – МІНДЕТ

Абай облысы Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжінде «Құрылыс өнері – The art of building» халықаралық фестивалі алғаш рет ұйымдастырылды.

Іс-шара Жұмысшы мамандықтар жылы аясындағы өңірлік жоспарға сәйкес, Абай облысының білім басқармасы мен «TALAP» КЕАҚ қолдауымен өткізілді. Фестивальға жалпы саны 2000-ға жуық қатысушы, оның ішінде 1200 адам онлайн, 16 облыстан 500 адам офлайн қатысып, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ең өзекті жаңалықтармен танысты.

Фестивальдің мақсаты – құрылыс саласындағы жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жетістіктерін көрсету, кәсіби құзыреттерді дамыту және серіктестік байланыстарды

нығайту болды. Іс-шара аясында: құрылыс саласына арналған форсайт-сессия өтті. Оған Германия, Ресей және Қазақстанның түрлі өңірлерінен сарапшылар қатысты.

«Хай-тек стиліндегі үй» халықаралық байқауының жеңімпаздары марапатталды. WorldSkills Kazakhstan бас сарапшылары құрылыс мамандықтары бойынша шеберлік сабақтар өткізді.

Құрылыс индустриясындағы отандық компаниялар мен серіктестер жаңа технологиялар мен материалдарды таныстырды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

НАУҚАН

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ҚАЙТА ЖАҢАРАДЫ

Алматы әкімдігінің мәліметінше, қалада жаңа жылыту маусымына дейін 39 шақырым жылу желілерін қайта жаңарту жоспарланып отыр. Бұл жылумен қамтамасыз етудің сапасын жақсартып, қысқы уақытта апат туындау қаупін азайтады.

Желілерді ауыстыру жүріп жатқан жерлерде ыстық су уақытша схема бойынша беріледі.

Жылу желілері жөнделетін көшелер:

- * Жароков (Дунаевский – Қожанов);
- * Байқадамов (Радостов – Шопен);
- * Янушкевич (Бәйішев – Хамиди);
- * Тоқмақ (Уәлиханов – Пушкин);
- * Ақан сері (165/1 үй – 159 үй);
- * Мұратбаев / Қарасай батыр;
- * Қарасай батыр (Уәлиханов – Қонаев);

- * Сәтбаев (Байтұрсынов – Масаншы);
- * Бұқар жырау (Байтұрсынов – Марков);
- * Әшімов, 20Б;
- * Айманов / Бөгенбай батыр;
- * Әйтиев (Бөгенбай батыр – Төле би);
- * Римский – Корсаков (Ғабдуллин – Бұқар жырау);
- * Ғабдуллин (Римский-Корсаков – Нахимов).

Алматы қаласы әкімдігінің
баспасөз қызметі

САРАП



АТЫС ҚАРУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алу, алып жүру, сақтау немесе өткізумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі өте жоғары екені белгілі.

Себебі бұл қылмыстар қоғамға, азаматтардың өмірі мен денсаулығына орасан зор қауіп төндіруімен қатар, жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол ашуы мүмкін.

Дегенмен, осы қылмыс түрлері үшін жаза тағайындау барысында бірқатар мәселелер туындауда. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 287-бабының 3-бөлігі атыс қаруын (тегіс ұңғылы аңшылық қаруынан басқа), оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді.

Аталған баптың санкциясына сәйкес сотпен кінәлі деп танылған

Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар көбіне теміржол бекеттерінің рентген құрылғылары арқылы ашылады. Соңғы кездері Алматы метро бекеттерінің тексеру құрылғылары арқылы да ашылған қылмыстар саны көбеюде.

Мысалы, сотталушы А. оған тағылған айыпқа сәйкес 2024 жылғы тамыз айының ортасында Алматы қаласының көшелерінің бірінен бір дана ойық ұңғылы атыс қаруының атуға жарамды калибрі 5,45х39мм оқ-дәріні (патрон) тауып алып, оның оқ-дәріге жататынын және заңмен тыйым салынғанын біле тұра сөмкесіне салып алған. 2024 жылғы 23 қазанда «Ер-Намыс Сақшы» ЖШС-нің қызметкерлерімен Алматы-2

сөмкесінде жатқанын ұмытып кеткен. Оқ-дәрі теміржол бекетінің тексеру құрылғысы арқылы табылған кезде ғана ол жайлы есіне түскен. Оны қылмыстық мақсатта пайдалануға немесе сатуға ойы болмаған, өз атына тіркелген жеке қаруы жоқ.

Қазіргі қалыптасқан сот тәжірибесіне сәйкес мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша айыптау үкімі шығарылып, сотпен кінәлі деп танылған тұлғалар әртүрлі мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға тартылады.

Алайда біздің пікірімізше сотталушының іс-әрекетінде формальды түрде ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмыстың

құрамы болғанымен, оның іс-әрекеті маңызы жағынан болмашы болып табылатыны және қоғамға қауіп төндірмейтіні ескерілмейді.

Шын мәнінде, 1 ғана дана, салмағы жеңіл - 10,3г, көлемі шағын, ұзындығы - 56,6мм, диаметрі 9,2мм 5,45 калибрлі оқ-дәріні қасақана қылмыстық құқық бұзушылық ниетінсіз сақтау, тасымалдау немесе алып жүру маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қандайда-бір қауіп төндірмейді. Себебі оны сотталушының қылмыстық мақсатта пайдалану ниеті анықталмаған, арнайы атыс қаруынсыз (АК-47, РПК-74) қолдану мүмкін емес, ерекше жағдайларда сақтауды талап етпейді, яғни өздігінен атылып (жарылып) кету, сөйтіп айналадағы адамдарға зиян келтіру қаупі анықталмаған.

ҚК-нің 10-бабының 4-бөлігінің талабына сай, осы кодекстің ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Қылмыстық-процестік кодексінің (ҚПК) 35-бабының 1-бөлігі 12)-тармағына сай, қылмыстық іс ҚК-нің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты тоқтатылуға жатады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, осындай санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сот тәжірибесі жан-жақты талқыланып, «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі №4 нормативтік қаулысына тиісті толықтырулар енгізілуі тиіс деп есептейміз.

А.ИМАНҚҰЛОВ,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

ЗАҢҒА НАҚТЫЛЫҚ ПЕН БІРІЗДІЛІК ТӘН

Азаматтық істерді қараған кезде судья ҚР Азаматтық және басқа да кодекстерді, көптеген өзге салалардың заң нормаларын қолданады. Бұл ретте, өкінішке орай, заңның қазақ тіліндегі мәтінінде кейбір келеңсіздіктер кездестіресіз.



С.СӘРСЕНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

Жасыратыны жоқ, көп жағдайда заңның орысша мәтініне қарағанда, қазақ тіліндегі нұсқасы қарапайым азамат түгілі, заңгердің өзіне де ұғынықты бола бермейді. Бір ұғым әр заңда әртүрлі терминмен берілетін жағдайлар жиі кездеседі.

Мысалы, Азаматтық кодекстің бір ғана 7-тарауының өзінде «исковая давность» сөз тіркесі «талап мерзімі», «талаптың ескіруі» деп екі нұсқада қолданылған. Аталған терминнің қазақша нұсқасы «талап қоюдың ескіру мерзімі» деп көрсетілсе дұрыс болар еді деген ойдамын.

Тағы бір мысал: «айып төлеу» (неустойка). Осы сөз Азаматтық кодекстің 297-бабында «тұрақсыздық айыбы» деп те аударылған. Бірінші аудармасы іс-әрекетті білдірсе, екіншісі тіпті дұрыс емес деген пікірдемін. Дәлме-дәл аударудың орнына бір-ақ сөзбен «айыпақы» деп көрсетуге болатын еді.

Осы кодекстің 128-бабында «валютные ценности» деген ұғым «валюталық қазыналар» деп көпше түрде қате аударылған. Ал қазына деген сөз жекеше түрде пайдаланылады. Екіншіден «қазына» деген сөздің нақты мағынасы «достояние, богатство, сокровище» деген

ді білдіреді. Ал бұл тұрғыда «валюталық құндылықтар» деп айтылуы үйлесімді болар еді.

Азаматтық және Кәсіпкерлік кодекстерінде «индивидуальный предприниматель» деген сөз тіркесі «жеке кәсіпкер», «дара кәсіпкер» деп екі түрлі аударылған. Осындай сияқты көптеген мысалдарды келтіре беруге болады.

Айқын баяндауды, нақтылықты талап ететін заң мәтіні артық ақпарат арқалауды, көпсөзділікті көтермейді. Бұл сипаты сақталуы үшін заң мәтіні ресми стиль талаптарына сай жазылып, ұлт тілінің сөйлем құрылысы бұзылмауымен қатар, ондағы термин қолданысының бірізді болуы да ең маңызды, басты шарттардың бірі. Мәтіндегі негізгі ұғымдар заңда қолданылған терминдер арқылы берілетіндіктен, олар заң мәтініндегі құқықтық норманы бұрмаламай дәл жеткізіп, заң бабының негізгі мән-мазмұнын ашып беретін кілт-сөздер. Ал енді қазіргі заң мәтіндеріндегі термин қолданысына келсек, онда бірізділік жетіспейді. Жоғарыда көрсетілгендей, бір ұғым әр заңда әртүрлі терминмен берілетін жағдайлар жиі ұшырасады. Заң мәтіндеріндегі терминдер жарыспалылығы, термин қолданысындағы ала-құлалық ұлттық терминологияның орнығуына бөгет болатын кемшіліктердің бірі. Терминологиядағы, терминографиядағы ретсіздік, жүйесіздік заң тіліне де әсерін тигізіп отыр.

Халықтың өз тілінде түсінікті жазылған заңдар ұлттың құқықтық санасын, қоғамның құқықтық мәдениетін көтереді.

Заң тілі оны оқитын, пайдаланатын әр азаматқа түсінікті, ондағы құқықтық норма тайға таңба басқандай анық та айқын болуы тиіс. Тіл табиғаты сақтала отырып жазылған мәтіндер ғана сол тілде сөйлейтін, жазатын қауымға түсінікті болады.

Қазақ тілі заң жазуға, нормативтік құқықтық құжаттарды түзуге икемсіз деген қасаң түсініктен арылып, көршінің тілін қолдай бергеннен, өз тілімізге икемделгеніміз жөн.

ПІКІР

БАС ҚҰЖАТ – БАҒДАРЫМЫЗ

Қазіргі кезеңде Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты құндылықтардың бірі – еліміздің Конституциясы. Ата Заң – бұл тек мемлекеттік басқарудың негізгі ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі. Тәуелсіздік жағдайында Конституция елдің ішкі тұрақтылығын, ұлттық бірлікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін басты құжат. Сондықтан оны терең түсіну, құрметтеу және қолдану – әрбір азаматтың парызы.



ҚР Конституциясы – бұл тек мемлекеттің негізгі заңы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі, егемендіктің және саяси тұрақтылықтың символы. ХХІ ғасырдағы жаһандану, ақпараттық қауіптер және қоғамдық өзгерістер жағдайында Конституцияның маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Ол еліміздің мемлекеттік құрылысының тұрақтылығын, басқару жүйесінің тиімділігін және қоғамдық-саяси үдерістердің ор-

нықтылығын қамтамасыз етеді.

Ата Заң азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын анықтап, олардың жүзеге асырылуына кепілдік береді. Мысалы:

- сөз бостандығы;
- дін ұстану еркіндігі;
- білім алу құқығы;
- еңбек ету және демалу құқығы.

Бұл нормалар әрбір қазақстан-дықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, соңғы 20 жылда Конституцияға деген халық сенімі айтарлықтай артты. 2000 жылы халықтың 65%-ы Конституцияға сенім білдірсе, 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 88%-ға жеткен. Бұл – құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен азаматтық сананың өсуінің айғағы.

Н.КАШКЕЕВА,
Қарағанды облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының әкімшісі басшысы

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

САЛЫҚ ШЕГЕРІМДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ НЕ ӨЗГЕРДІ?

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жеке табыс салығын (ЖТС) есептеу кезінде азаматтар үшін бірқатар жаңалықтар күшіне енді. Енді қарапайым халық белгілі бір шығындарын салық төленетін табыстан шегеріп тастауға құқылы. Бұл өзгерістердің мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, салық ауыртпалығын азайту.

Мәселен, егер сіздің отбасыңызда төрт немесе одан да көп кәмелетке толмаған бала болса, жылына 282 АЕК мөлшерінде табысыңыздан салық шегерімін жасай аласыз. Бұл шамамен 1 миллион 100 мың теңгеден асады. Сондай-ақ оқу ақысын төлеуге, медициналық қызметтерге немесе ипотека бойынша банкке төленетін сыйақыларға (проценттерге) байланысты шығындар да ескеріліп, әрқайсысы бойынша 118 АЕК-ке дейін (шамамен 464 мың теңге) шегерім жасауға рұқсат етіледі. Бірақ бұл шегерімдердің жалпы сомасы бір жылда 564 АЕК-тен аспауы керек.

Ең бастысы – бұл шегерімдерді сіз екі жолмен қолдан аласыз. Біріншісі – жұмыс беруші арқылы. Яғни, егер сіз ресми жұмыс істейтін болсаңыз, жыл басында салық шегерімін қолдану үшін жұмыс берушіге өтініш беріп, тиісті құжаттарды тапсырсаңыз жеткілікті. Бұл жағдайда сіздің жалақыңыздан аз салық ұсталып отырады. Бірақ жыл соңында табыс пен мүлік туралы декларация тапсырып, бәрін растауыңыз қажет.

Екінші жолы – өз бетіңізше салық органдарына декларация тапсыру арқылы шегерім қолдану. Бұл әдіс кәсіпкерлерге, бірнеше табыс көзі бар адамдарға, немесе жұмыс беруші арқылы рәсімдей алмағандарға ыңғайлы. Дегенмен, бұл тәсілмен жұмыс істеу үшін тиісті шығындарды құжатпен дәлелдеу керек болады. Артық төленген салықты қайтарып алу үшін де декларация тапсыру қажет, әрі салық органдары шегерімдердің дұрыстығын бір жыл ішінде тексере алады.

Бұрын жоспарланғандай, 2025 жылдан бастап барша азаматтарға декларация тапсыру міндеттелуі тиіс болатын. Бірақ Мемлекет басшысының тапсырмасымен бұл талап жеңілдетілді. Енді зейнеткерлер, студенттер, жеке ұйымдарда жұмыс істейтіндер сияқты азаматтар жыл сайынғы декларациядан босатылды. Бұл өз табысы тек жалақыдан, шәкіртақыдан немесе зейнетақыдан құралған адамдар үшін жақсы жаңалық.

Қорыта айтқанда, салық шегерімдері – бұл мемлекеттен беріліп отырған заңды жеңілдік. Егер сіз оқу, медицина, ипотека немесе бала тәрбиесіне қаражат жұмсаңыз – салықты аз төлеуге мүмкіндігіңіз бар. Бірақ бұл үшін уақытылы өтініш беру, құжаттарды сақтау және декларация тапсыру талаптары бар екенін ұмытпаңыз.

А. ТЕЛЕСИНОВА,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы
бойынша департаменті қаржы бөлімі
басшысының міндетін атқарушы

ТАРАТУ

2. «Demeu Consult» ЖШС (БСН 181040036494) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, 10-қабат, тел. 87273551120.

3. Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Калинин ауылы, Строительная көшесі, 31 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі «Березка» жазғы сауықтыру лагері» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 040440006991) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 33Б. Тел. 87163579077.

5. «TAUKE GROUP» ЖШС (БСН 2104440033648, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылдық округі, Махамбет ауылы, Рысбай Ғабдиев көшесі, 12-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Махамбет ауылы, 30 лет Победы көшесі, 12-үй, тел. 87753666293.

10. «DEDAGroup» ЖШС (БСН 201140033935) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Садық Мұхамеджанов ықшам ауданы, 6-үй, 44-пәтер, тел. 87079836970.

11. «КазПромТехноЭксперт» ЖШС (БСН 201140035694) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Садық Мұхамеджанов ықшам ауданы, 6-үй, 44-пәтер, тел. 87079836970.

12. «ПромТехноСервис» ЖШС (БСН 201140032604) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Садық Мұхамеджанов ықшам ауданы, 6-үй, 44-пәтер, тел. 87088352585.

13. «Qyzmet Prof» ЖШС (БСН 210840019885) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Абай көшесі, 91а-үй, 2-блок, 4-корпус, 54-пәтер, тел. 87079836970.

14. «Нәрлі сүт» ЖШС (БСН 151240005852) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Жусанды көшесі, 5-үй, тел. 87079836970.

15. «Көркем қайырымдылық мекемесі» мекеме (БСН 201240021083) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Докучаев көшесі, 34Б үй, 57-пәтер.

21. «Степп Глобал Эдыюкейшн» жеке қоры (БСН 230440006515, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 38-үй, 050010) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050010, Алматы қаласы, Жолдасбек көшесі, 97, Самал Тауэрс, 8-қабат, тел. 87273300500.

22. «КУТСИЫК» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170540026004) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Теректі ауданы, Шағатай ауылдық округі, Шағатай ауылы, Ишмаков көшесі, 34-үй.

23. «М.М.Р. ГРУПП» ЖШС (БСН 221140044766) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Құлагер ықшам ауданы, 36/1 ғимарат, пошта индексі А20А6В1. Тел: 87479889892.

24. «КИС/Energy - КИС/Енержи» ЖШС (БСН 110640009324) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР Атырау облысы, Атырау қаласы, Гурьевснаб өндірістік аймақ, 73-құрылыс тел. 87753822717.

27. «Кулкент-Ата» өндірістік кооперативі (БСН 981240002731) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Хамид Алимжанов көшесі, 53А үй, пошта индексі 160804.

ӘРТҮРЛІ

16. «МКҰ Dostyk Credit Company» ЖШС өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжай: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49-үй, 73-кеңсе.

6. Туберкулез ауруынан сақтану!
Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру.
Туберкулездің алдын алу шаралары
1. Салауатты өмір салты.
2. Таза ауада серуендеу, дене шынықтырумен айналысу.
3. Таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет.
4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету.
5. Дұрыс тамақтану. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдердің болуы. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Жаңа піскен көкөністер мен жемістерді күнделікті пайдалану.
6. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау.
7. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

**ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» Ордабасы ауданының дезинфециялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Т.М.Мұса**

7. Безгек ауруының алдын алу және табиғи ошақта дезинсекциялық іс-шаралардың жүргізілуі.

Безгек ауруы науқас адамнан сау адамға безгек таратушы маса арқылы жұғатын ауру. Ол тропикалық елдерде кеңінен таралған індет. Ауырған адамда жалпы әлсіздік, дене қызуы қайта-қайта көтеріліп, соңынан қалтырау байқалады, ас қорыту, жүйке және де басқа жүйелерінің жұмысы бұзылады, ал асқынған жағдайда өлімге соқтырады.

Қазірге уақытта безгекке қарсы вакциналар жоқ. Алдын алудың негізгі шарасы – масалардың шағуынан қорғану. Сондықтан безгекке қарсы түру әр адамның белсенді қатысуын талап етеді. Үйіңіздің жанында орналасқан ашық судың тоқтап қалмауын қамтамасыз ету керек, үйіңізді қорғаңыз, есік пен терезе саңылауларын москит торларымен бекіту, киімді өңдейтін арнайы репелленті химиялық заттарды қолдану қажет және теріге жағуға арналған майлар, кремдер қолданған дұрыс.

Адамдар арасында ауруды болдырмау үшін, безгек ауруының алдын алу мақсатында, жылдың көктем-жаз айларында безгек ауруының алдын алу, безгек ауруын тасымалдайтын масаларды жою мақсатында елді мекендер аумағында профилактикалық дезинсекциялық іс-шаралары жүргізіледі.

Алдын алу ережелерін бұлжытпай орындаған жағдайда ғана, өзіңді безгек ауруын жұқтырудан сақтауға болатынын естен шығармаңыз!

**Б.К.Кабулова.
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Жетісай ауданы дезинфекциялық секторы эпидемиолог көмекшісі Б.К.Кабулова.
Сауран дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы А.С.Кулмурзаева**

8. ХАБАРЛАНДЫРУ

«Транзит» АЖ (теміржол тасымалы үшін) арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып тасымалдарды қадағалау жөніндегі арнайы құқыққа жатқызылған ұлттық оператордың қызметтеріне бағалар жобасын талқылауды алдағы жария тыңдау туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ұлттық оператордың арнайы құқық шеңберіндегі қызметтеріне арналған бағаларды бекіту бойынша жоспарланған қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

1) **Тыңдауды ұйымдастырушы** – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті. Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы, 89.

2) Қоғамдық тыңдау **2025 жылғы 20 маусымда сағат 15:00-де ZOOM** бағдарламалық қосымшасы арқылы өтеді.

3) **Мемлекеттік монополия субъектісінің атауы:** «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС.

4) **Талқыланатын қызмет түрлері/жұмыстар:** «Транзит» ақпараттық жүйесі арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып тасымалдарды бақылау бойынша қызметтер көрсету.

5) **Уәкілетті мемлекеттік органның байланыс деректері:** ҚР ЦДИАӨМ АҒК мекенжайы: Астана қ., Тұран даңғылы, 89. https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos

Байланыс тұлғасы: А.К. Саликов +7 7172 64 75 26;

6) **Арнайы құқық субъектілері өкілдерінің байланыс деректері:** «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34, 050061. Тел.: +7 (727) 221-77-95, e-mail: info@istt.kz.

Байланыс тұлғалары: Р.А. Қалиева +7 727 221 77 95 (ішкі 301).
Д.О. Қоздарбекова +7 708 822 51 04

**(Қосылу сілтемесін алу бойынша сұрақтар үшін байланыс тұлғаларына хабарласыңыз).*

9. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2025 жылғы 27 маусымда Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429-каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық облысiшiлiк) тұрақты автобус маршруттары: Шиелi-Қызылорда, Қызылорда-Бесарык, Ақарық-Қызылорда, Жаңақорған-Шиелi, Тереңезек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Тоқмағамбет-Қызылорда, Ботабай-Қызылорда.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Қызылорда-Жезқазған, Төретам-Шымкент.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429-каб. бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 17 маусым сағат 18-00 дейін.

6. 2025 жылғы 6 маусым сағат 16-00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

17. Жамбыл облысы, Байзақ аудандық сотына Жамбыл облысы Байзақ ауданы, Бұрыл ауылы, Жаңбыршиев көшесі №24 үйдің тұрғыны 03.09.1976 жылы Жамбыл облысы, Байзақ (бұрынғы Свердлов) ауданында туған Тазабеков Асқар Оралбековичті хабарсыз кетті деп тану туралы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Пушкин көшесі №11/1 үйдің тұрғыны Оралбек Гүлнұр Асқарқызының арызы тіркелді. Тазабеков Асқар Оралбековичтің жүрген жерін білетін адамдар болса жарияланым берілген күннен бастап 3 ай ішінде Жамбыл облысы, Байзақ аудандық сотына (судья Д.К. Төленбековке) ол туралы хабарлауды ұсынады. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 93, телефон: 8-72637-21975, 8-72637-21086.

25. 2025 жылдың 20 мамырдағы № 37 «ЗАҢ газетінде» жарияланған, «Аягөз» ЖШС (БСН 990440006929) бойынша оңалту ісінің қозғалғаны туралы хабарландыруда сот ұйғарымының күні қате көрсетілген – 2025 жылғы 1 сәуір. Соттың дұрыс ұйғарым күні 2025 жылғы 14 мамыр деп есептелсін.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2025 жылы 17 мамырда қайтыс болған Мусина Раушан Рысхановнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус К.Б. Нұрмұханбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 22-үй, тел. 87771527917.

18. 2025 жылы 10 ақпанда қайтыс болған Қосаева Қанымкүл Оспанқызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

19. 2025 жылы 9 қаңтарда қайтыс болған Кулгимбаев Жанажолдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы белгісі келгендер болса, нотариус С.С. Дарменоваға мына мекенжайға келулеріңіз керек: Алматы облысы, Алатау қаласы, Қоянқұс ықшам ауданы, Абай көшесі, 152Б, тел. 87474155273.

20. 28.04.2025 жылы қайтыс болған Шеримбаев Дүйсенбайдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.О.Калдыбаеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 272, тел. 87752146886.

Алматы қаласының судьялар корпусы және Судьялар одағының филиалы Алматы қалалық сотының судьясы Алмас Ембергенұлына, Алматы қаласының №97 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері Манас Ембергенұлына және олардың жақындарына әкелері

Рамазанов Емберген Сейдахметұлының

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Көйкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 8772256506.

БАЙҚАУҒА!

Сағындық қарияның отбасын түгел қырып кетіпті деген әңгіме Шаған деп аталатын шағын шаһарға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарын дүр сілкіндірген. Тіпті қала, облысқа жетіп, халық әбіржіп қалды.

Ұсақ-түйек қылмыс, тұрмыстық жанжал мен кездейсоқ өлім болмаса, бұрын-соңды бұндай жағдайға тап болмаған полиция бөлімшесі де дәрменсіз күйге түсті.

Күдіктілердің кім екені анық болса да, ұшты-күйлі жоғалған қаніпезер жер жұтқандай жоқ. Дәл сол әулетте адам жанын түршіктіретін жағдай болады деп кім ойлаған?

О баста учаскелік полиция бөлімінде тіркелген қылмыстың арты суып бара жатты. Теміржолдың бойында орналасқан шағандықтар күдікті пойызға мініп кетті дегенге сенімді болды. Оқиға болған күннің ертеңіне станция, вокзалдарға фоторобот жөнелтіліп, жоспарлы ұстау операциясы да жарияланған. Үш күн бойы күдіктінің ізіне түсу мүмкін болмай, әбден титықтады. Ол жалғыз еді. Бір күдікті оқиға орнында мерт болған.

Облыстық полиция департаментінің басшылығы бұл істі Абылай Қайсеновке табыстауға бекінген. Өйткені ол қалалық тергеу басқармасының басшысы ғана емес, тісқаққан, сақа маман. Осы салада жұмыс істеген он жыл ішінде сабырлы қалпынан таймай, түрлі қылмыстың ақ-қарасын анықтап, күдіктілерді де қолға түсіргені мәлім. Алайда еңбек демалысында жүр екен.

Абылай өзі қызмет атқаратын қала маңындағы жайттан бейхабар. Көптен күткен еңбек демалысында Астанада тұратын ата-анасына барып, полиция академиясында қатар оқыған жолдастарымен жолығып, көп уақытын отбасымен өткізуге тырысты. Шағандағы басшылығы өзін іздеген күні Нұра өзенінің жағасында балық аулап отырған. Полковниктің жақсы бір қасиеті сенбі, жексенбі, демалыс болсын, тіпті түнде бір оянып байланыс телефонының экранына үңілетін әдеті бар. Ешқашан өшірмей, қашықта жүрсе қуаттағыш пауэрбанкті өзімен ала жүреді.

Облыстағы басшылықтан қоңырау түскенде сөзге келген жоқ. Дерее жететінін айтып, жолға қамданды. Балыққа үлкені Медғат пен студент ұлы Қасымды ерте барғаны дұрыс болпты.

– Сендерді мамаларың алып кетеді. Асай-мүсейді жиыстырып, дайын отырындар. Мен Шағанға дереу кетуім керек.

– Жақсы әке, жолыңыз болсын! – деп, балалары өзен жағасында қалды.

Өзен жағасынан бірден сапарға аттанды. Абылайдың көлігінде әрдайым формасы, спорттық киімдері тап-тұйнақтай қатталып тұратын. Жолда келіншегі Айшаға хабарласып мән-жайды түсіндірді.

– Әттең, Еркеназымның каникулында да жанында бірге бола алмадым. Тоғыз бітіргенінде демалысты бірге өткіземіз деп уәде беріп едім. Бірақ ауылда жантүршігерлік қылмыс жасалыпты. Қызыма түсіндіріп айтарсың. Ата-анамның жанында бол, ұлдар біз әрдайым баратын Нұраның Ақмол тұсындағы жағасында отыр. Кешікпей алып кет. Сау бол!

– Байқап жүр, Абеке, бізге алаңдама, жолың болсын!

Астанадан Шағанға дейін жол ұзақ. Абылай ой үстінде келе жатыр. Сағындық ақсақалды, ұлдарын да жақсы танытын еді. Не келсе де әлгі үйінде жүрген жалдамалыдан кел-

ді-ау. Олар қайда кетуі мүмкін? Тіпті миына сыймайды. Жолға телміріп, рөлді сығымдай ұстаған полиция полковнигі өткен күндерді ой елегінен өткізіп келеді.

Ұштаған тауының бөктерінен өрлеп бір отар қой жайылып барады. Бұл қой осы өлкеде қаншама жыл бойы жеке шаруашылықпен айналысып келе жатқан Сағындық ақсақалдікі еді.

Шағаннан бір-екі шақырымда орналасқан бұл отбасын танымайтын ел жоқ. Бірақ ешкім ат басын тірей бермейтін, оған себеп те бар. Малы мол, жері мен шөбі жетерлік ауқат-

Сағындықты қарабет қылғысы келмейді, көбі «қойшы» дей салады. Олар тек тергеу департаментінің бастығы болып тағайындалған Абылайдан ғана именеді. Ауылдас болса да, қылмысқа жаны қас Абылай оларды талай сабасына түсірген. Оны айтасыз заң аясында бас бостандықтарынан да айырған болатын.

Бұл жағдайды әкелері байқап та жүрді. Абылайдың алдына талай барды. Бірақ оның өз ісіне берілген азамат екеніне көзі жеткен. Үш ұлын алдына шақырып алып айтқаны да бар.

– Айналайындар-ау, жалшыларды бекер жәбірлей бергенше, ақырын түсіндіріп немесе ескертсендер қайтеді дегенде.

қылықтарының арқасында ауыл-аймақ, ел-жұртпен араласудың өзіне бәйбішесі екеуінде бет қалмады. Әскерге бармасаңдар да, анау Абылай сияқты милиция мектебіне түсірейін деп те талпынды. Оған ұлдары көне ме? «Мент» бол деймісің деп өзіне әкіреңдеді.

Сөйтіп жүргенде бұлардың шаруашылығына жалдануға ешкім жоламай да кеткен болатын. Үшеуінің тірлікке икемдері жоқ, икем болса зауықтары соқпайды. Ермектері қас-қарая жасыл «ниваны» мініп алып орталыққа кетеді, таң ата тәлітректеп оралады. Сол әдетпен тағы да кеш бата шығып кеткен. Түннің бір уақытында улап-шулап жетіп келгенде, әке-шешелері абдырып сыртқа шыққан. Үлкен ұлдары удай

деріңнің де күндерің мүшкіл болады ақылға келіндер, бауырларыңды түзу жолға салатын өзіңсің, – деп сөзін аяқтады.

Сырым өтірік ойланған боп, қабағын түйіп басын шұлғып отыр. Көкірегіне әкесінің айтқан өсиетін түйіп түсінгені де шамалы. Ішінен:

– Мына шал алжиын деді ме? Бізді жұмысқа салып қоймақ екен, ә. Жоқ, болмайды. Өмірі ешқайда жұмсасамаған әкесі қызық. Ойына жақсы бір идея сап ете қалды... Мал жетеді, жалшы табу қажет, бірақ басқа жақтан, бөлек ауылдан немесе қаладан әкелу керек жалшыны, миығынан жымыпп қойды.

– Батя, қорықпа! Өзіңіз айтқандай қатын алдым, енді ойланам, шаруа шыр айналады көресің, – деп әкесіне бас бармағын шошайтып көзін қысты. Көңіл-күйі жақсы кездегі үйреншікті қылығы бұл.

Сырым ертеңіне апыл-ғұпыл жиналып қала жаққа аттанып кетті. Ол жақтан қаңғып жүрген бір-екі адам алып келмекші. Әкелді де, бауырларым да қуанып қалатын болды деп, өз-өзіне дән риза болып келе жатыр.

Кеш бата Сырым ауылға қайтып келді. Қасында еңгезердей болғанымен, әбден тозған, жүздерін ішкілік мүжіп бітуге айналған, ұлттары да беймәлім екі жігіт бар. Есік алдында жүрген шешесі ол екеуін ұлының жолдастарына балап:

– Балалар кіріңдер, төрлетіңдер, – деп жатыр.

– Мама, бауырларым мен батяны шақырып көрімдік сұра, үйге «бич» алып келдім, – деді маңғаздана.

Сол кезде әкесі мен бауырлары да ас үйден шығып келе жатқан.

– Әй, әкесі, ана балаң орыстың бишілерін әкелдім дей ме, не дейді, – деді шешесі.

– Жоқ, биші емес, ертең қашып кететін жалшы әкелген түрі, – деді әкесі риза емес кейіппен.

– Батя, какая разница? – деп екі ұлы мез-мейрам. Бұлар жұмысты жақсы істейді. Ақша, мал сұрамайды. Тұрақ пен тамақ болса болды

ҰШТАҒАНДАҒЫ



ҰМЫТЫЛМАС МАУСЫМ

ты отбасын кейбіреулер жағымпазданып сыйласа, қайсы біреулері қорыққаннан да сыйласып жүрді. Қанша дегенмен Сағындық шал көп жылдар ұжым басқарған кісі, халқына сыйлы-ақ азамат болған.

Бұл шаңырақтың шырқы неліктен бұзылып кетті деген сұраққа да жауап бар. Сағындықты сыйласа да, Сағындықтың үш ұлына бола замандастары көп келе бермейді. Еңселі үш азамат сотқарлау, тым қатыгез-тін. Үлкен ұлы қалада оқып жүргенде төбелес үшін отырып та келген. Ортаншысын ешқайда жібермей ауылда қалдырса да, мазасыздау, шатақтау болып есті. Кенже ұлы облыстық дене шынықтыру институтын тәмамдап, оның өзі оқуының соңғы жылы жазықсыз біреудің басын жарып оқудан шығып кете жаздап, әйтеуір әкесінің малының арқасында эзер бітіріп, бұл да ауылға келіп алды. Үшеуі туралы айта берсең таусылмайтындай. Полицияда жұмыс істейтін Абылайдың бұл әулетті ежелден білетіні сондықтан. Тіпті Сәкеңнің кенже ұлымен жаттығу залында да жиі жолығып қалатын.

Басқасы-басқа, тіпті үйлеріндегі малдарын жаятын жалшы, жалдамалы қойшыларды болар-болмас нәрседен сылтау тауып көк ала қойдай етіп сабайтын да жүретін. Ол қорлыққа шыдайтындары шыдап, шыдамағаны қолды бір сілтеп кете баратын. Сотқа берулеріне де мүмкіндік жетер, бірақ ел алдында

– Ой, Батя, саспа! Қатырамыз, сен қартайдың, ендігі шаруаны бізге тапсыр, олармен сөйтіп сөйлеспесе сөз түсінбейді, – дегенді айтып әкелерін жақындатпай-ақ қойған. Әкесі де амалсыздан іштей тынып бақты.

Осылар біреуді жазым қылып тағы да арандамаса болғаны. Жастайынан еркелетіп дұрыс тәрбие, түзу өнеге көрсетпеген өзіме де сол керек-ау деп күрсінді.

Өзі жоқшылық пен аштықты, сұрапыл соғысты басынан кешкен Сағындық ақсақал, жастайынан адал терімен еңбек етті, жауапты қызметтер атқарды. Жеке шаруашылықпен айналысып мал жиып, басына бақ қонып, азын-аулақ дәулет пайда болды. Бірақ өзінің жоғын түгендеп жүріп, балаларының тәрбиесін ақсатып алғанын ақсақал кеш түсінді. Мұның абыройы мен беделін сыйлаған ауылдастары балалардың іс-әрекетіне кешіріммен қарағанмен, қашанғы шыдасын. Ара-тұра ақсақалдың өзіне де шағымданып, өкпе-реніштерін айтып жататын.

Расында Сағындық қарт өзі көрген ит өмірді ұрпағым көрмесін деп, Аллаға шүкір үш ұлым үш жағымнан тіреп тұрады деп бетінен қақпай, перзенттерін шолжандау қып өсірген-тін. Жастайынан аудандық спорт үйірмелеріне қатыстырған. Бірақ әскерге жібермей неге алып қалды екен? Өкінеді, ол жақта тәртіп бар ғой. Бекер, бірақ не шара, іштен шыққан шұбар жылан аман болса болғаны. Осылардың содыр

мас, жанында құжынаған «жын-шайтандары». Шешесі ұлдарының достарын өстіп атайтын.

– Батя, мам... мен қыз әкелдім, түсіріп алыңдар, қатын ал деп қақсаушы едіңдер, міне, – деп ағыл-тегіл жылап тұрған қызды машинадан алып шықты. Бұндайды күтпеген ата-ана сасқалақтап-ақ қалды. Әбігер болып жүріп келін де түсіріп алды. Бұған әсіресе, анасы шексіз қуанышты еді.

«Ертерек айтпадың ба, жақсылап күтіп алатын едім», – деп ұлына әлсіз зекіп қояды. Ербең-ербең еткен ұлы риза кейіппен ыржалақтап: «Нормально мать», – дейді шешесінің арқасын күректей алақанымен қағып-қағып жіберіп.

Үйлену тойын ойдағыдай өткізіп, азан-қазан аяқталғаннан кейін Сағындық ақсақал үлкен ұлын шақырып алып әңгіме қозғаған:

– Құлыным, Сырым тұңғышым, үшеуіңді тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай өсірдім, анау-мынау боп кетсем екі бауырыңды қарайлайтын сен боларсың, есінді жи. Тәуба, зиялы жерден келін түсіріп бердің. Енді саған атқарар міндет көп. Әке боларсың, қадірімді ұғарсың. Малдарың алдында. Сол мал үшеуіңе де жетеді. Өздерің баптап, төлдетіп, көбейтсеңдер де қолдарыңда тұр. Жалшыларға күн көрсетпей, қақсатқандарың анау. Жерге дұрыс қарамаса, қурап шөл басып қалады, малға көңіл аудармасаңдар, қырылып қалады. Өз-

десіп жатыр. Ата-тегінен малшы жалдаса да, діні де, нәсілі де бөлек адам жалдап көрмеген Сағындық ақсақалға баласының білгішсініп қайдағы біреулерді жетелеп келгені ұнамап еді.

Аналары:

– Мыналар тозып, жүдеп кетіпті ғой, үстілеріне бір сыпыра ескі-құсқы киімдеріңді бер. Мен тамақ жасап жіберейін, – деп бейшараларды шын мәнісінде мүсіркеп-ақ жүр.

– Мама, қайтесің оларды, құдайы қонақ емес, қайдағы бір босқындар ғой бұлар. Енді шаруа оңалады. Бірер жапырақ нан мен қара су берсең болғаны, – деді баласы бір нәрсе бітіргендей шалқайып.

Үш ағайынды оңай олжа тапқандарына мез.

Уақыт өстіп өтіп жатты. Жапандағы жалғыз үйде де тіршілік жалғаса берген. Айы-күні жетіп үйдегі жас келін де, дүниеге ай мен күндей қыз екелді. Сағындық қария мен бәйбішесі немерелері болғандарына тәуба қылысып жадырап-ақ жүр.

Шөп науқаны басталып, қора-қопсыны жөндеп, қысқа дайындалып жатқан кезең. Андрей мен Миша да бұл үйге бой үйретіп қалғандай. Күнімен бел бүкпей жұмыс істейді де жатады.

Мирас МҰҚАШ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

Батыс Қазақстан облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №78 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31